Қаксылығыңмен кел, Жаңа жыл!

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕЙСЕНБІ, **31 ЖЕЛТОҚСАН**, 2024 ЖЫЛ **№147 (23 469)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті жерлестер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке әр үйге жылылық пен қуаныш әкеліп, жүректерімізді үміт пен армандарға толтырады. Жаңа жыл – бұл жүріп өткен жолға көз тастап, болашаққа жоспар құратын уақыт. Алдағы жыл елімізге құт-береке мен молшылық әкелсін. Мемлекеттілігіміз нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта берсін!

Биылғы жыл еліміз үшін оңай болмағанымен біз қиындықтарды ойдағыдай еңсеріп, алдымызға қойылған мақсат-міндеттерді орындай алдық. Орын алған сынақтар біздің бірлігіміз бен тұтастығымызды арттырып, ынтымақтастығымызды нығайтты.

Келе жатқан Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бақыт, қуаныш әкелсін. Отбасыларыңызға денсаулық, амандық, табыс тілейміз.

Жаңа 2025 жыл құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

● БЕЛЕС

Ұлу жылындағы Ұлы Дала

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басындағы құттықтау сөзінде Қазақстанның стратегиялық бағдары айқын ел ретінде тұрақты дамып келе жатқандығын тілге тиек еткен. «Біз ынтымақ-бірліктің және қажырлы еңбектің арқасында ауқымды іс-шаралар атқардық. Жаңару мен жаңғыру жолындағы маңызды реформаларды жүзеге асырдық. Осылайша, мемлекеттігіміздің тұғырын бекемдей түстік. Заң мен Тәртіп үстемдігін орнатуды мемлекеттік саясаттың негізгі бағдары деп жарияладық», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық құрылтайдан – ұлттық болмысқа

2024 жыл дегенде алдымен елдік мәселелерге мән берілген Атырау атырабында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы есімізге түседі. Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды. Президенттің бес әлеуметтік кеселмен күресті күшейту жөніндегі тапсырмасы аясында биыл бірқатар маңызды заңдар қабылданды. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатаң жаза қарастырылып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа ережелер енгізілді. Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды. Қоғамдық тәртіпті бұзу, вандализм және бөтеннің мүлкіне зиян келтіру әрекеттері үшін жауапкершілік күшейтіліп, құмар ойындарға тәуелділікті азайту, вейпке тыйым салу мақсатында заңнамалық өзгерістер енгізілді. Бұл заң жобаларын әзірлеуде Парламент депутаттары мен Ұлттық құрылтай мүшелері белсенділік танытты. Осылайша, Президенттің «Заң мен Тәртіп» қағидасын нығайту жөніндегі бастамалары қоғамда біртіндеп жүзеге асуда.

«Шығасы шықпай, кіресі кірмейді»

Көктемгі су тасқыны еліміздің 10 өңіріне ауыр соққы болып, халық пен мемлекеттің мүлкіне айтарлықтай зиян келтірді. Осыған байланысты, жергілікті деңгейде төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы азаматтарды қауіпсіз аймақтарға шұғыл көшіру және зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету туралы нақты тапсырма берді. Мал-мүлкінен айырылған азаматтардың ешбірі назардан тыс қалмады, оларға материалдық және қаржылай қолдау толық көлемде көрсетілді. Тасқын салдарынан болған мал шығынын өтеу үшін мемлекет 2,8 млрд теңгеден астам қаржы бөлді. Осындай ауыр кезеңде халқымыз ауызбіршіліктің жарқын үлгісін танытты.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев атқарылған жұмыстарға қарамастан, босаңсуға болмайтынын атап өтті.

– Ең бастысы – жұмысты дұрыс ұйымдастыру. Біз өткен жылғы қателіктерді ескеріп, су тасқынына тыңғылықты дайындалуымыз керек, – деп атап өтті өңір басшысы. – Адамдар мен ресурстар қажет. Жергілікті тұрғындар дұрыс бағдарлануы керек. Жарылыс жұмыстарына конкурсты уақытылы өткізу, су өткізу құбырларын ашу және басқа да маңызды жұмыстарды орындау маңызды. Әр ауылда, әр қалада штаб болуы керек. Барлығы үйлесімді және жедел жұмыс істеуі тиіс.

Есесіне биыл көктемгі су тасқынына қарамастан, елде 26,7 млн тонна астық жиналды. Бұл соңғы 10 жылда болмаған рекордтық көрсеткіш. Мұндай жетістік мемлекеттің диқандарға көрсеткен жүйелі қолдауы мен қамқорлығының нәтижесі. Көктемгі егіс пен жиын-терін жұмыстарын қолдау үшін алғаш рет жарты триллион теңгеден астам қаржы бөлініп, 5 пайыздық мөлшерлемемен жеңілдетілген несие берілді. Азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және негізгі азықтүлік тауарлары бойынша импортқа тәуелділікті азайту мақсатында маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Дәнді-дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамытуға арналған кешенді жоспар қабылданып, диқандарды отандық тұқыммен толық қамтамасыз ету шаралары қолға алынды. Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жылына 8-10 пайызға жеткізу үшін 120 млрд теңге бөлініп, 5 пайыздық мөлшерлемемен лизингке беру бағдарламасы іске қосылды.

Өндірілген азықтүлікті сақтап, тұтынушыларға жеткізу үшін қойма-логистика кешендерінің құрылысы жоспарланған. Алдағы жылдары жалпы сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салу көзделуде. Биыл алғаш рет өткен Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында агроөнеркәсіп кешенін дамыту міндеттері анықталды.

➤ 3-бет

● ЖЫЛ МЕЖЕСІ

2024: тұрғын үй құрылысы – қарқынды

Қарағанды бүгінде «сұрқай қала» емес. Кезінде Никита Хрущев архитектуралық артықшылықтармен күресу бағытын жариялағанда, бір-бірінен айырмасы жоқ әрі салынуы да арзанға түсетін бес қабатты «панель» үйлер бой көтерген болатын. Әлбетте, «жұмысшы таптың» тұрғын үйге деген қажеттілігін өтеу мақсатында салынған бұл үйлердің сол кездегі «барақтардан» кейін «хан сарайындай» көрінген болар. Ал, қазір облыстан бөлек, аудан орталықтары мен іргелес жатқан қалаларда да бір-біріне ұқсамайтын, түрлі архитектуралық шешімдермен салынған әсем үйлердің бой көтеріп, жыл сайын қала көркіне көрік қосып келе жатқанын көруге болады. Ол өз алдына, құрылыс қарқыны да жыл сайын арта түспесе, кемімек емес. Мәселен, биылғы жылдың өзінде облыста 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, еліміздегі тұрғын үй саясаты тұрғындарды қолжетімді, сапалы баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды мемлекеттік бастама. Бұл саясат әртүрлі әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін ескере отырып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Осы орайда облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұрат Мағзин биыл облыста кезекте тұрғандарға 1635 пәтер берілсе, оның ішінде жалға берілетін тұрғын үй саны 385 екенін айтады.

Аталған үйлерден бөлек, кредиттік тұрғын үйлерден де пәтер берілгенін айту керек. Олардың саны – 153. Яғни, жылжымайтын мүлік нарығында сұранысқа сай ұсыныс та бар.

Бұрынғыдай емес, тұрғындардың талғамы да түбегейлі өзгерген қазір. Ас бөлмесі небары бес шаршы метр, бөлмелері іргелес, қабырғалары жұқа, төбесінің биіктігі 2,5 метр ғана болатын құрылтайдың ұясындай үйлер қазір де бар болғанымен, жағдайы жеткені кең әрі қолайлы жаңа үйден алуға тырысады. Оның үстіне, жылдап кезекке тұратын да емес, мемлекет ұсынған түрлі бағдарламалардан бөлек, екінші деңгейлі банктерден ипотека арқылы да баспаналы болуға болады. Бұл өз кезегінде кредиттік тұрғын үйлерге деген сұранысты да арттырып отыр.

– Биыл тұрғын үй құрылысына жұмсалған сома – 593,3 миллиард теңге. Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы көлемінен коммерциялық тұрғын үй – 76%, мемлекеттік тұрғын үй – 10%, ал жеке тұрғын үйлер – 14%. Әлбетте, тұрғын үйлерді пайдалануға беруде Қарағанды қаласы көш бастап тұр. Пәтер кілтін алып, қоныс тойын тойлағандардың 77 пайызы дәл осы облыс орталығында. Сондай-ақ, Теміртау, Балқаш қалалары мен Шет және Бұқар жырау аудандары да қалыс қалып жатқан жоқ, – дейді Мұрат Сәкенұлы.

Жалпы, облыста тұрғын үй құрылысы іс-шараларын іске асыру үшін биыл 24,3 миллиард теңге бөлінгенін де айту керек. Одан бөлек, жыл сайын кредиттік және жалға берілетін тұрғын үй құрылысы жалғаса береді. Ал, кредиттік тұрғын үйге 5,4 миллиард теңге бөлінгенін айтады басқарма басшысы.

Сондай-ақ, Қарағанды, Балқаш және Абай қалаларында орналасқан құрылыс нысандары бой көтергенде, 573 кредиттік пәтер пайдалануға беріледі.

Жалпы, Қарағанды облысында тұрғындарды үймен қамтамасыз ету мақсатында түрлі шаралар қолға алынған. Мәселен, облыстық бюджеттен жалға берілетін пәтерлерді салу үшін 1,3 миллиард теңге бөлінгенін айтады Мұрат Мағзин. Олардың құрылысы аяқталғанда, тағы 850 пәтер жалға беріледі.

Қазір тоғыз қабатты тұрғын үймен ешкімді таң қалдыра алмайсың. Технологияның өзгеруі және тұрғын үй саласын жақсартуға бағытталған түрлі мемлекеттік қолдаулар арқылы облыста аспанмен таласқан әрі сәулеті жағынан көз тартатын көпқабатты тұрғын үйлер бой көтерді. Эстетика мен ыңғайлылықты біріктірген әсем құрылыстар бүгінде қаланың ажарын аша түскен.

Келесі жылы да, облыста құрылыс қарқыны тоқтамақ емес.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 543.67 ●**USD/KZT** 521.81 ●**RUB/KZT** 5.05 ●**CNY/KZT** 71.49

Қазақстан Ұлттық Банкінің 31 желтоқсан, 2024 жылғы дерегі бойынша

● КЕЗДЕСУ

Бұқара бұйымтайы ескеріледі

Парламент Сенатының депутаты Серік Өтешов Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді. Депутат өңірлердегі сайлаушылармен кездесіп, өндірістік және әлеуметтік маңызы бар нысандарды, сондай-ақ, білім беру мекемелерін аралайды. Кездесу барысында республикалық бюджеттен қаржыландыруды қажет ететін бастамалар мен ұсыныстарды тыңдамақ.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сенатор жұмыс сапары барысында алдымен өз сайлаушыларымен кездесіп, мәслихат депутаттарымен және жұртшылықпен бірге өзекті мәселелерді талқылады.

– Сенат республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде жемісті жұмыс істеді. Бәріміз бұған үлес қостық. Маусымда 30-дан астам маңызды құжаттар қабылданды. Қоғамда белсенді талқыланған мәселелер өз шешімін тапты. Жыл басында Бюджет кодексін және Салық, Су және Құрылыс кодексін қабылдаймыз, – деді Серік Өтешов.

Сенатордың айтуынша, әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Осы орайда сенатор халықтың дауысын білдіретін және жергілікті жерлердегі ахуал туралы жақсы білетін мәслихаттардан белсенділік күтетінін айтты.

Жиында облыстық мәслихат депутаты Серғазы Әдекенов Сенаттың «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңды қабылдағаны үшін Серік Өтешовке алғыс білдірді.

– Осындай кездесулер көпшілікке барлық жағынан пайдалы. Қарағанды облысының қуатты ғылыми-зерттеу әлеуеті бар. Өңірде алты ірі университет және инновациялық ұсыныстардың қоры бар бірқатар ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар орналасқан. Біз Президенттің ғылыми әзірлемелерді өндіріске барынша жақындату жөніндегі тапсырмасы аясында жұмыс істеудеміз. Осы орайда Қарағанды ірі ғылыми-технологиялық орталыққа айналуы мүмкін екендігін баса айтпақпын. Бұл біздің өңірде көмір саласын, металлургияны, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қарқынды көңіл бөлінетінін білдіреді.

Орталық Қазақстан экономиканы әртараптандыру тұрғысынан өндіруші саладан инновациялық салаға дәйекті түрде ауысуы тиіс, – деп атап өтті Серғазы Әдекенов.

Депутаттар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту, сондай-ақ, Сенат депутаттарының назарын талап ететін мәселелер бойынша ұсыныстарын білдірді. Қадиша Оспанова саламатты өмір салты орталықтарын облыстық денсаулық сақтау басқармасының қамқорлығына қайтару жайлы ұсынысын білдірді.

– Кадрлық қамтамасыз ету мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Биыл аудандарға 38-ден астам дәрігер, 68 орта медициналық қызметкер келді. Әлі де 23 дәрігер мен 40-тан астам орта медициналық қызметкер жетіспейді.

Саламатты өмір салты орталықтары бәсекелестік ортаға ауысқаннан кейін алдын алу және сапалы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу күрделі болды. Алдағы уақытта бұл мәселені жалпы практика дәрігерлеріне жүктемені арттыру есебінен шешу керек, – деп атап өтті Қадиша Оспанова.

Серік Өтешов аталған сұрақ аясында Сенат депутаттарына ресми өтініш жазуды сұрады.

Парламент Сенаты депутатының кездесулері Жаңа жылдан кейін де жалғасын табады. Сенатор алдағы уақытта Қарағанды медициналық университетіне және Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне, сондай-ақ, Қарағанды, Теміртау және Шахтинск өнеркәсіптік және әлеуметтік мекемелеріне барады. Жұртшылықпен, депутаттармен кездесіп, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылайды.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

● ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Нақты сектор дамиды

Кеншілер өлкесіне жұмыс сапарымен келген Премьер-Министрдің орынбасары, Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жылжымалы республикалық кеңес өткізіп, экономиканың нақты секторын дамыту әлеуетін талқылады. Кеңесте Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа таныстырылып, өңдеу өнеркәсібіне, ауыл шаруашылығына инвестиция тарту туралы мәселесі де қарастырылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Серік Жұманғарин мырза биыл елімізде экономиканың дамуы оң серпін алғанын атап өтті. Жалпы, экономиканың өсуі – 4,4%. Негізгі капиталға инвестициялар 3,1% өссе, оның ең көп көлемін шикізаттық емес салалар құрайды.

– Инвестициялар тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуде және экономиканы әртараптандыруда шешуші рөл атқарады. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және басқа да нақты секторға инвестицияларды тарту және игеру – орталық

және жергілікті атқарушы органдардың маңызды міндеті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында жобалардың жалпыұлттық пулы құрылып, ұлттық цифрлық инвестициялық платформа іске қосылды, – деді Серік Жұманғарин.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа платформа барлық кәсіпкерлерге, мемлекеттік органдарға және қаржы институттарына тиімді болатынын айтты. Бұдан бөлек, бұл инвесторлардың проблемалық сұрақтарына уақытылы жауап беруге мүмкіндік береді.

Инвестициялар комитетінің төрағасы Ғабидолла Оспанқұлов Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаның қалыптасуына толығырақ тоқталып, алаңның инвестициялық жобаларды жедел сапалы сүйемелдеуді қамтамасыз етуге және инвестициялық қызметтің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, ашық әрі қолжетімді жаңа кәсіпорындар салу үшін бос учаскелер, мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат жаңартылады және мемлекеттік қызметтер үшін жасыл дәліз, прокурорлық сүзгі модулі қарастырылған.

Аймағымыздағы экономика мен инвестициялық қызметтің өсу көрсеткіштері туралы облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов тоқталды.

– Жыл басынан бері өңірге 1,1 трлн теңге инвестиция тартылып, өткен жылдағыдан бір жарым есе өсті. 13 мың жұмыс орнын құра отырып, 1,3 трлн теңгеге 55 инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырылды. Биыл 200 млрд теңгеге 13 жаңа өндіріс іске қосылып, 2 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Олардың ішіндегі ең ірілері – катодты мыс өндіру, кремний қорытпалары зауыты, алғашқы қазақстандық маркетплейс. 2025 жылға 2200 жұмыс орнын құрумен 131 млрд теңгеге 11 инвестициялық жоба жоспарланған. Облыс экономикасының одан әрі өсуі мен әртараптандырылуы үшін металлургиялық және кремний кластерлерін құру жұмыстары жүргізілуде, – деді Ермек Алпысов.

Серік Жұманғарин Ұлттық экономика министрлігі жұмыстың негізгі бағытын өңірлерге қарай шоғырландыратынына баса назар аударды.

– Қарағанды облысы – өнеркәсіптік тұрғыдан белсенді дамып келе жатқан аймақтың бірі. Әсіресе, серіктес қалаларда белсенділік жоғары. 10-15 жыл бұрын күрделі жағдай болған. Қазір Саран, Шахтинскі қалаларында көз алдымызда жаңару жүріп жатыр. Сондықтан, біз осы үлкен селекторды өткізуге келдік. Ұлттық экономика министрлігі экономиканың нақты секторын дамытуға баса назар аударады. Бұл салық түсімін әкеліп, ЖІӨ-ге қосымша үлес қосады. Жергілікті атқарушы органдар соңғы жылдары жақсы бюджеттік дербестікке ие болды, – деді Серік Жұманғарин.

Вице-премьер жұмыс сапары барысында «Qarmet» АҚ-да болып, Saran және «Сарыарқа» АЭА-дағы бірқатар кәсіпорынның қызметімен танысқанын да атап өткен жөн.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жастарға берілген жаңа мүмкіндік

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Бүгінгі таңда облыс халқының төрттен бір бөлігін жастар құрайды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша облыс жастарына 133 пәтер және жастардың бизнес-идеяларын іске асыру үшін халықтың әлеуметтік осал топтарынан 98,9 млн. теңге сомасына 67 грант берілді.

Аймақ басшысының төрағалығымен өткен Жастар істері жөніндегі кеңестің отырысында облыс жастарының жай-күйі талқыланды. Басқосуға жоғары оқу орындарының, жастар және волонтерлік ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері, кеңес мүшелері қатысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жастар саясатын іске асырудың, жастар мәселесін шешу тетіктерін жетілдірудің тиімді нысандарын үнемі іздестіру қажет, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Кеңестің күн тәртібіне сәйкес, жастар арасындағы қылмыстың алдын алу мәселелері бойынша облыстық полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Жасқайрат Қайыров, Балқаш қаласы әкімі Сапар Сатаев және Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов атқарылған жұмыстарды баяндады. Сондай-ақ, өңірде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша жылдың негізгі қорытындылары, Жастар ісі жөніндегі кеңестің 2025 жылға жоспарланған жұмыстары талқыланды.

– Талдаулар негізінде Абай ауданы жастары арасындағы қылмыс деңгейінің 110-нан 106-ға дейін төмендеуі байқалды. Қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 12 «Құқықтық тәртіп», «Жасөспірім және заң», «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шаралары және шағын учаскелерде 16 жергілікті пысықтау рейдтері өтті.

Жергілікті полиция қызметкерлері еріктілер қозғалысының қатысуымен жастар көп жиналатын жерлерде, сондай-ақ, сауда объектілері бойынша 21 жасқа толмаған адамдарға алкоголь және темекі өнімдерін сатуды, заңнамада белгіленбеген уақытта алкогольді өткізуді анықтау фактісіне рейдтік іс-шаралар жүргізді, – деп атап өтті Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов.

Облыс әкімі сөзінде жастардың қоғамдағы рөлі, өңірде олардың жан-жақты дамуына, білім алуына жасалып жатқан іс-шараларды атап, жастарды барынша жан-жақты қолдау керектігін атап өтті.

– Жастардың әлеуетін дамыту үшін Zhas project грант алуға конкурс өткізілді. Облыстан барлығы 196 өтінім келіп түсті, оның 70 - і техникалық іріктеуден өтті, 14 грант берілді. Жыл сайынғы «Жасыл ел» еңбек жасақтары арқылы жастарды маусымдық жұмыспен қамту ұлғайтылды.

Республика бойынша ең жоғары көрсеткіш 4900 адамды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі мыңға артық, – деп атап өтті облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Нұржан Ильяшов.

Кеңестен кейін облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармада «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттары табысталды.

– Жобаның басты мақсаты – жастардың белсенді әрі шығармашыл қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған бастамаларды қолдау. Жастардың жаңа және жұмыс істеп тұрған стартап-жобаларын іске асыру, – деді Нұржан Ильяшов.

Облыс әкімінің гранттары бизнесті дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар, медиа, ғылым, ақпараттық технологиялар және мәдениет саласына берілді. Жастардың жобаларын «Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту қоры» корпоративтік қоры, Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өңірлік филиалы, сондай-ақ, өткен байқаулардың жеңімпаздарын анықтады. Жобалар жаңалықты, бәсекеге қабілеттілікті, жүзеге асу қабілетін, бюджеттің дұрыстығын және басқа аспектілерді қамтитын алдын ала белгіленген талаптар бойынша бағаланды.

Жобалардың әлеуметтік маңыздылығы мен бірегейлігі 407 құжаттың ішінен 25 жеңімпазды анықтаумен бағаланды. Үздік деп танылған 25 жеңімпаз 2 млн. теңге көлеміндегі грантқа ие болды.

– Жастарды қолдауға арналған гранттар облыстың барлық қалалары мен аудандарында жергілікті әкімдіктердің бюджеттік мүмкіндіктеріне қарай берілді. Биыл жалпы облыс бойынша жастарға 200 млн теңге көлеміндегі 135 грант бөлінді. Оның ішінде, Қарағанды – 10, Приозерск – 2, Теміртау – 30, Шахтинск – 17, Саран – 4, Абай – 9, Ақтоғай ауданы – 8, Бұқар жырау ауданы – 13, Осакаров ауданы - 10, Шет ауданы жастарына 7 грант бұйырды.

– Игілікті шаралар еліміздің әр өңірінде қолға алынуда. Гранттар елдің ертеңі жастар үшін зор қолдау әрі демеу. Жалынды жастардың бастаған істеріне сәттілік тілейміз, – деп атап өтті Нұржан Ильяшов.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жарқын болашақтың «Жайлы мектебі»

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Балқаш қаласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша салынған жаңа оқу орнының құрылысы аяқталды. «№12 жалпы білім беретін мектеп» КММ мәртебесін алған білім беру мекемесінің ауданы – 14 545 шаршы метр. Үшінші тоқсаннан бастап, балаларға есігін айқара ашатын білім ордасы толық заманауи жабдықтармен қамтылған. 900 орындық білім ошағы оқушыларды қабылдауға толыққанды дайын.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңадан бой көтерген нысанды облыс әкімінің орынбасары Азамат Тайжанов, облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова, Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев аралап, атқарылған жұмыстарды көрді. Білім бөлімі мамандарының мәліметінше, мектепте оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Бұл мемлекеттік білім беру саясатының қағидаттарына сәйкес келеді.

Мектеп сапа мен қауіпсіздіктің барлық талаптарына сәйкес заманауи технологиялармен жабдықталған. Білім беру мекемесінде оқу материалын неғұрлым тиімді меңгеру үшін мультимедиялық жабдықтармен жарақтандырылған интерактивті сыныптарды қоса алғанда, 36 оқу кабинеті көзделген.

Жаңа мектептің басты ерекшеліктерінің бірі – ғылыми, техникалық, инженерлік және математикалық пәндердің интеграциясына ықпал ететін озық STEM зертханалары. Сонымен қатар, балаларда инновациялық және техникалық бағыттарда дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін робототехника сабақтары бар.

Мектепте дәстүрлі және электронды форматта білім беру ресурстарының кең таңдауын ұсынатын кітапхана мен медиа орталық құрылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мектепті әр оқушыға қолжетімді ететін инклюзивті орта қамтамасыз етілген.

Жобаны жүзеге асырудың үлкен әлеуметтік маңызы бар. Жаңа мектеп заманауи және жайлы білім беру ортасын құра отырып, Балқаш қаласындағы оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешеді. Бұл сапалы оқытуды және педагогтар мен оқушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып, өңірдің білім беру жүйесін дамытуға маңызды үлес болады.

Айта кетейік, №12 мектептің ашылуы еліміздегі білім беру инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаны табысты іске асырудың жарқын үлгісі болып отыр.

БАЛҚАШ

● ДЕНСАУЛЫҚ

Жылдың жарқын жобалары

2024 жыл аяқталар тұста жылды қорытындылайтын дәстүр бар. Денсаулық сақтау саласы жылдағы мәжеден көрінді. Саладағы жаңғыртулар мен өзгерістер, түрлі бағдарламалар жоспар бойынша іске асуда. Мамандар биыл облысты денсаулық сақтау саласын дамытудағы маңызды кезеңі ретінде атап отыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауылдық медицинаны жаңғырту жалғасады

Биыл ауылдық жерлерде 17 жаңа медициналық нысан пайдалануға берілді, тағы 24 объектінің құрылысы аяқталуда. Сондай-ақ, 51 медициналық мекеменің құрылысына дайындық жұмыстары жүргізілді. Олар келесі жылы бой көтермек.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының шеңберінде 2024 жылы ел бойынша 263 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Жоба бойынша ауылдық елдімекендерде барлығы 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанын салу жоспарланған, оған 257 медициналық пункт, 238 ФАП, 160 дәрігерлік амбулатория салу кіреді.

Ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсетудің уақытылығын арттыру мақсатында республика көлемінде 32 заманауи көпбейінді аудандық орталық ауруханаларды жаңғырту жоспарланған. Оны ішінде, өңір тұрғындары үшін медициналық көмекке қолжетімділікті айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік беретін Теміртау мен Балқаш қалаларындағы екі ауданаралық аурухана жаңғыртылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылатын ауылдық аурухананың инфрақұрылымын жаңарту жөніндегі ұлттық жоба ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайын жақсартуға бағытталған. Қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған жетіспейтін медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарын салу ауылдағы медициналық қызметтердің, оның ішінде профилактикалық қарап-тексерулердің, скринингтердің, жүкті әйелдер мен балаларды патронаждаудың қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, диспансерлік науқастарды байқауға, амбулаториялық оңалтуға және медициналық көмектің басқа да түрлеріне мүмкіндік береді.

Материалдық база – басты алғышарт

Аймақтың денсаулық сақтау басқармасының ұсынған дерегінше, биыл 10 объектіде күрделі жөндеу, 17 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек 5 нысанда екі жылдық жөндеудің бірінші кезеңі басталды. Әлбетте, аймақтың денсаулық сақтау нысандары жаңа аппараттармен толықты. Онкологиялық ауруларға шалдыққан пациенттерге қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасуда. Сәулемен емдеудің үздік стандарты – томотерапия сияқты жаңа технологиялар енгізілуде. Бұл – Қазақстандағы үшінші орталық екенін ерекше атап өту керек. Бұған дейін мұндай аппарат Астана мен Алматы қалаларында ғана болған. Қарағандыдағы №3 көпбейінді ауруханаңың базасында екі жаңа бөлімше – радиациялық онкология орталығы мен химиотерапиялық орталық ашылды. Онкологиялық науқастарға арналған ПЭТ/КТ орталығының құрылысы басталды. Ол «Orhun Medical» ЖШС-мен ынтымақтастықта іске асырылады. Бұл жоба пациенттерді басқа қалаларға бару қажеттілігінен құтқарып, облыс орталығында жоғары білікті медициналық көмек алуға мүмкіндік береді.

Инсульт және жіті миокард инфарктісі кезінде медициналық көмектің қолжетімділігі проблемаларын шешу мақсатында ТАКА-орталықтар мен инсульт орталықтарының желісі дамуда. Биыл Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана базасында III деңгейдегі инсульт орталығы ашылды. Нейрохирургиялық көмектің сапасын арттыру үшін заманауи ангиограф және компьютерлік томограф сатып алынды.

Скрининг – қосымша көмек

Аймақ тұрғындары үшін ауқымды скринингтік бағдарламалар жүргізілді. Соның арқасында 20 мыңнан астам ауру ерте кезеңдерде анықталды. Биыл жалпы скрининг жүйесінде өзгерістер болды. Кейбір ескірген және ақпаратсыз зертханалық-аспаптық әдістер дәлелденген дәлдікпен заманауи және жоғары тиімді әдістерге ауыстырылды. Мәселен, қант диабетін диагностикалау үшін гликирленген гемоглобин (HbA1c) енгізілді. Бұрын қандағы глюкозаны анықтау жүргізілген болатын. Бүйрек ауруларын ерте анықтауға арналған шумақтық сүзілу жылдамдығы, жүрек-қан тамырлары ауруларының даму қаупін бағалау үшін қан сарысуындағы төмен тығыздықтағы липопротеидтер, жатыр мойны обырын ерте анықтауға арналған сұйық ПАП тестті қазір қолданыста. Бұл тәсілдер мүгедектікке немесе өлімге әкелуі мүмкін асқынулардың алдын алуға бағытталған. Сондықтан, скринингтер ауруды ерте диагностикалауда маңызды.

Үздік тәжірибе жалпыға ортақ

Тәжірибені арттыру ғана емес, бөлісу де керек. Медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін үздік тәжірибе орталықтары арқылы алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жандандыру жұмыстары басталды. Қазіргі кезде осындай бес орталық жұмыс істейді. Ал, келесі жылдың соңына дейін олар облыстың барлық емханаларын қамтитын болады.

Денсаулық сақтаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін патронаж қызметі, қоғамдық мониторинг және кері байланыс енгізілді. Қорды ішінара ұстау пилоттық жобасына 78 отбасылық дәрігер жұмыс істейтін Қарағанды және Теміртау емханалары қатысады.

Сондай-ақ, мейіргерлік қабылдау ұйымдастырылды. Бұл дәрігерлердің жүктемесін азайтуға мүмкіндік берді. Орталық пациентке тиімді медициналық көмек көрсетуді бес минутта жүзеге асырады. Бағдарланған «триаж» жүйесіне тіркеу арқылы жұмыс істейді.

Кадр әлеуетін арттыру – маңызды мәселе

Медициналық кадрлар қашан да басты назарда. Кадр тапшылығы мәселесін шешу үшін мамандарды ынталандыру жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Биыл көтерме төлемдердің сомасы айтарлықтай өсті. Атап айтқанда, ауылдық жерлерге барған мамандар 1,5 миллионнан 8,5 миллион теңгеге дейін алды. Осы шаралармен 63 маман тартылды. Сонымен қатар, қайта даярлау бағдарламасы жүргізіліп жатыр. Жыл бойы жүзден астам маман шетелде оқудан өтіп, тәжірибесін арттырып келді.

Мамандарды ынталандырудың тағы бір әдісі – қызметтік пәтерлер ұсыну. Осы уақытқа дейін 199 жас дәрігер мен мейіргер қызметтік пәтерге ие болды. Медицина қызметкерлеріне арналған жаңа тұрғын үй кешенін салу жоспары бар. Бұл мақсатта «Жаңа қала» шағын ауданында 1 гектар жер бөлінді. Биыл аймақ дәрігерлерінің жұлдызы жарқырады десе болады. Облыстық клиникалық аурухананың хирургиялық орталығының жетекшісі Борис Цхай алғашқылардың бірі болып Республика күніне орай «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағына ие болды. Биыл тұңғыш рет табысталған құрметті атақтың иесі болу жекелеген адамның ғана емес, тұтас аймақтың биік деңгейін білдіретіні анық. «Үздік ауылдық мейіргер» номинациясында Осакаров аудандық ауруханасының қызметкері Татьяна Шкляревич үздік танылды.

Мұның барлығы аймақтың денсаулық сақтау саласы жалпы республикалық көрсеткіште алдыңғы орындарда екенін көрсетеді.

Суреттер ашық дереккөзінен алынды

● ЖЫЛ ТАҢДАУЫ

Тұлғалар төрге шыққан жыл

Қоғамды ізгілікке бастайтын сәулелі адамдар болады. Сәулелі адамдар қоғамның игілігіне қызмет етуді қасиетті борышы санайды. Тарихты жасайтын, тыңнан жол салатын – солар. Тұтас көшті алға тартар локомотивке теңеуге болады сондай тұлғаларды. Биыл облыстың ғана емес, тұтас мемлекеттің игілігі жолында қызмет еткен үш тұлға «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағын алды. Олар – Екатерина Кузнецова, Камалтин Мұхамеджанов, Диқанбай Биткөзов. Үшеуі де еңбекпен тұғырға шыққандар.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Камалтин Мұхамеджанов – есімі елге белгілі Мемлекеттік және саяси қайраткер. 1999 жылы облыс әкімі болып тағайындалып, аймақтың көркеюіне қажыр-қайратын арнаған адам. Арқа жұртының Камалтин Мұхамеджановқа деген құрметі бөлек. Есте қалған әкім болды. Өңірдің өміріне тың серпін, оң әсерін берген талай нысандар бой көтерді әкім болған 7 жыл ішінде. Қолында пәрмен барда халықтың игілігі үшін еңбек еткен мемлекетшіл тұлға биыл облыстың Құрметті азаматы атанды. Бірақ, халқының құрметіне бұрыннан бөленген ел ақсақалы.

Екатерина Кузнецова – ғұмырын жазумен әрлеген адам. Ол – облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің қадірлі ардагері. Кенді аймақтың берекелі тыныс-тіршілігін айшықтаған қаламы қарымды публицист. Қасіретті ҚарЛаг тарихын зерттеген тарихшы деп ауыз толтырып айтуға болады. Себебі, ҚарЛаг тағдыры турасында кітаптар сериясын жарыққа шығарған. Биыл 85 жасқа толды. Әлі күнге дейін жазудан алыстаған жоқ. ҚарЛаг тарихын әлі де архивтерден қотарып келеді. Қазақстанның түпкір-түпкірінен, тіпті, шетелден келген зерттеушілер қауымы дәл осы Екатерина Кузнецовадан бағыт алады. Биыл «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атанды.

Диқанбай Биткөзов – аты аңызға айналған жаттықтырушы. 1984 жылы самбодан әлем чемпионатына барып, алтын алып, жаһан мықтыларын мойындатқан атақты Қанат Байшолақовты баптаған. 1985 жылғы әлем кубогында атой салған Талғат Байшолақовтың жұлдызын жаққан. Самбо мен дзюдодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері және әлем кубогының жеңімпазы Сергей Волобуев пен әлем кубогының жеңімпазы, Азия чемпионы Айбатыр Махмұтовқа спорт әліппесін үйреткен. Бір өзі тұтас құрлықты алып жатқан одақтың кезінде бір шаңырақтан екі чемпионды шығару – екінің бірінің қолынан келмесі анық.

Ұлу жылындағы Ұлы Дала

(Соңы. Басы 1-бетте).

Форумда қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейтуге арналған арнайы заң қабылданғаны атап өтіліп, Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құру тапсырылды.

Жаңғыру жолында

Жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ету үшін бәсекелестікті арттыру, экономикаға мемлекеттік араласуды қысқарту және бизнес шығындарын азайту жөнінде тапсырмалар жүктеді. 10 мамырда Мемлекет басшысы «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал, 2 қыркүйекте «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында елдің жақын болашақтағы экономикалық даму басымдықтарын белгіледі. Үкімет осы тапсырмаларды орындауға бағытталған жұмыстарды жыл бойы қарқынды түрде жүргізді. 2024 жылдың алғашқы алты айында шетелден тартылған тікелей инвестициялар көлемі 9,8 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл негізінен тау-кен өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібі салаларына тиесілі. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 15,8 трлн теңгеге жетсе, 134 жоба іске қосылып, 795,9 млрд теңге инвестиция тартылды. Нәтижесінде 10,1 мың тұрақты жұмыс орны құрылды.

Адал еңбекке құрмет

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, еселі еңбек пен жауапты азаматтық құндылықтарын қоғамда нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстарды бастады. Медицина саласына қатысты қабылданған заңдар дәрігерлердің жауапкершілігін айқындап қана қоймай, олардың мәртебесін арттырып, кәсіби міндеттерін орындау барысында жан-жақты қорғауды қамтамасыз етуді көздейді. Бұл бастаманы дәрігерлер қауымы жылы қабылдады. Алғаш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы бекітіліп, оның тұңғыш иегерлері марапатталды.

Биыл мемлекеттік наградаларға елдің дамуына еңбегімен үлес қосқан азаматтар көптеп ұсынылды. Бұл игі дәстүр келер жылы да жалғасын тауып, еңбек адамдарына құрмет көрсету жалғасады. Президент білім мен технологияға негізделген экономиканы дамытуға ерекше назар аударуда. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңның қабылдануы. Бұл заңда ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуді көздейтін технологиялық саясаттың негізгі бағыттары мен механизмдері жан-жақты қарастырылған.

Сурет ашық дереккөзінен

Экоакцияның жемісі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен сәуір айында жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды. Көктемгі су тасқынына байланысты қиындықтарға қарамастан, Мемлекет басшысы өңір әкімдеріне айналаны тазалау мен абаттандыру жұмыстарын жедел түрде қолға алуды тапсырды. Президент бұл бастаманың тұрақты және жалпыхалықтық сипат алуы қажет екенін ерекше атап өтті. Акцияның басты мақсаты – қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Жыл бойы жүргізілген бұл акцияға шамамен 2,4 миллион адам атсалысты. Нәтижесінде жүздеген мың аула мен аумақ тазартылып, 900 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды. Таза ауа мен жасыл желек үшін 2,5 миллионға жуық көшет отырғызылды.

Алға аттаған Қарағанды

2024 жылы өндірісті облыста экономика мен әлеуметтік саланың түрлі секторларында тұрақты өсім көрсеткіші төбе көрсетті. Мәселен, жұмыссыздық деңгейі жұмыс күші санының 4,1%-ын құрады. Қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы 374 937 теңгеге жетті. Биыл өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3 626 144,4 млн теңге шамасында. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 14,2%-ға, өңдеу өнеркәсібінде – 12,4%-ға, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтауда 3,7%-ға өскен. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылым көлемі 455 942,5 млн теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1 137 361,6 млн теңгені құрады. «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингі агенттігінің дерегіне сүйенсек Қарағанды облысы үздік өңірлер сапындағы жетінші орынға көтерілген. Осылайша, осы жыл аймағымыз үшін тұрақты экономикалық өсу және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту кезеңі болды.

Қош, 2024 жылы еліміз экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларда бірқатар атап өтерлік жетістіктерге жетті. Ұлу жылындағы ұлы даланың басты жеңісі – елдің тұрақтылығы мен халықтың кемел келешегіне деген сенімді ұмтылысы. Мемлекет азаматтардың әл-ауқатын жақсарту бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізді. Десек те, кейбір жекелеген салаларда әлі де шешімін табуы қажет мәселелер бар. Табиғи апаттарға дайындық деңгейін арттыру, әлеуметтік теңсіздікті жою және білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы реформаларды тереңдету – бұл келер жылға қойылған маңызды міндеттер.

Ұлу жылы – жаңарудың, елдік құндылықтарды қайта танудың және ұжымдық жауапкершілікті сезінудің жылы болды. 2025 жылы бізді жаңа сынақтар мен мүмкіндіктер күтіп тұр. Жыл қорытындысы көрсеткендей, бізге жеңістеріміздің рухтанып, кемшіліктеріміздің сабақ алуымыз керектей. Қазақстан – тек табиғи ресурстарға емес, ең алдымен, өзінің ең басты байлығы – халқына сүйенеді. Қайсар мінез бен адал еңбек елді биік белестерге жеткізетіні сөзсіз.

● ЖЫЛ ТАРТУЫ

«Бақыттың жолын білім ашар»

Мемлекет білім беру саласына көп көңіл бөледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында табысты ұлтты қалыптастырудың маңызды факторы білім беру сапасы екенін атап өтті.

Жаңа оқу жылында Қарағанды облысында бірнеше білім нысандары бой көтерді. Өңірдің білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып, инновациялық әдістер қолданысқа енді. Ұстаздардың кәсібилігі мен мол тәжірибесі – өңірдің білім беру саласын жаңа белестерге көтеруге басты негіз болды.

Жыл тартуына айналған жағымды жаңалықтың басы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне «Зерттеу университеті» мәртебесінің берілгені. Сондай-ақ, оқушылар игілігіне бұйырған «Жайлы мектептер» мен «Кәусар» сарайы көптің көңілінен шықты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заманауи зерттеу университеті

Иә, биыл Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне зерттеу университеті мәртебесі беріліп, оқу орнының 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілді.

Алдағы бес жылға арналған университетті дамыту бағдарламасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми қызмет пен оқу үдерісі жаңармақ. Университет алдағы уақытта сапалы білімнің теңдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, дарынды жастарды тарту, елдің интеллектуалдық әлеуетін көтеруге атсалысатын болады. Қазақстандағы ғылыми мектептердің халықаралық беделін арттыруға мүмкіндік беретін іргелі және қолданбалы ғылым саласындағы жобаларды іске асырады. Сондай-ақ, бағдарлама аясында университет ғалымдары патенттерін, лицензияларын сату, стартап жобаларды әзірлеу түріндегі қолданбалы зерттеулері арқылы облыс экономикасына үлес қоспақ.

– Buketov University көптеген жылдар бойы еліміздің университеттерінің үздік бестігіндегі өз орнын сенімді ұстай отырып, отандық білім берудің флагманы болып келеді. QS Asia рейтингінде университет халықаралық деңгейде өзінің бәсекеге қабілеттілігін көрсете отырып, 206-шы орында тұр, – деп хабарлады Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі.

Бүгінде университеттің ғылыми инфрақұрылымында 13 факультет, 20 ғылыми-зерттеу институты, ғылыми орталықтар мен ғылыми зертханалар жұмыс істейді. Жоғары оқу орнында жалпы сомасы 2 миллиард теңгеге жуық 112 ғылыми жоба іске асырылуда. Бұл жобалар «жасыл» технологияларды дамытудан бастап, цифрлық әлемде әлеуметтік бейімделуге дейінгі көптеген салаларды қамтиды.

Білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкес ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерінің кешенін меңгерген жас ғалымдар магистратура мен докторантурада білім алып, экономика секторларын алға жылжытуда. Жастар өндірісті бақылау және басқару жүйелерін оңтайландырып, ҚарУ профессорлық-оқытушылық құрамын кеңейтуде.

Осылайша, Қарағанды зерттеу университеті серпінді ғылыми зерттеулер мен білім беру инновациялары арқылы аймақ пен елдің жоғары технологиялық дамуына ықпал етуде. Даму бағдарламасында көзделген жоба-жоспарларды қаржыландыру университеттің жеке есебінен және тартылған бюджеттік инвестиция есебінен жүзеге асырылады.

Жаңға жайлы мектептер

Бүгінде Қарағанды облысында барлығы 420 мектеп бар. Онда 172 548 бала мен жасөспірім оқиды. Биыл 15 931 бірінші сынып оқушысы партаға отырды.

Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асқан «Жайлы мектеп» жобасы аясында Қарағандыда төрт мектеп ашылды. Оның бірі – №19 мектеп болса, екіншісі Күнгей шағын ауданында көптен күткен 600 орындық жаңа мектеп есігін айқара ашты. Бүгінде білім ошақтары оқушылар арасындағы орын тапшылығын жойып, сапалы білім беруде. «Жайлы мектеп» жаңа пилоттық ұлттық жобасы осыған бағытталған.

Мәселен, Күнгей шағын ауданы құрылғаннан бері осы ауданда оқу орны болмаған. Оқушылар үйлерінен алшақта орналасқан мектептерге баруға мәжбүр болған. Қадамдық қолжетімділікте сапалы білім беру мен балаларды дамыту үшін қажетті барлық нәрсе қарастырылған заманауи мектеп облыстық бюджеттен қаржыландырылды.

Осылайша жаңа мектепте бірінші сыныптың 100 оқушысы партаға отырды. Оқыту қазақ және орыс тілді сыныптарда қатар жүреді. Жоғарғы сыныпта мектеп бітіретін бір ғана сынып бар. Мұғалімдер байқау бойынша іріктеліп, жинақталды. Ғимарат кең, ауданы 10 мың шаршы метрден асады. Бастауыш және жоғарғы сыныптар үшін бөлек блоктар қарастырылғанымен, ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін қолжетімді орта құрылған.

Еңбек кабинеттерінде ұлдар ағаш ұстасын игере алады, қыздар тігуді және тамақ дайындауды үйренеді. Сонымен қатар, керамика шеберханасы бар. Дене шынықтыру сабақтарын тек спорт залда ғана емес, далада да өткізуге болады. Мектеп ауласы үлкен және абаттандырылған, спорт және ойын алаңдары бар. Әр оқушы өз қалауы бойынша дәріс табады. Робототехника кабинеті, бейнелеу студиясы, телестудия жабдықталған. Коворкинг аймағы да бар.

– Бұл біздің көптен күткен арманымыз еді. Мектеп тез салынды. Отбасым мұнда сегіз жыл тұрады. Осында көшіп келгенімізде су, жол жоқ еді. Шағын ауданымыз көз алдымызда дамып келеді, – деді Күнгей шағын ауданының тұрғыны Аманжол Махамбетшин.

Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асқан «Жайлы мектептің» бірі – №19 мектеп. Бүгінде білім ошағы оқушылар арасындағы орын тапшылығын жойып, сапалы білім беруде. Алғаш 2 мың оқушыға арналған білім ордасы пайдалануға беріліп, осылайша қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігінде орналасқан төрт мектептегі жүктеме азайды.

Бүгінде мектеп ғимараты – облыс мектептері арасындағы ең үлкені. Мұнда бәрі сарапталып, ойластырылған. Үлкен аумаққа қоса балаларға ыңғайлы болу үшін қойылған периметрлік кіреберістер, бастауыш сыныптар мен аға буынға арналған жеке кіреберістер де бар. Мектеп ауласында ойын, воркаут, футбол және баскетбол алаңдары, хоккей корты, жүгіру алаңы да бар. Ал, көгалдандыруға арналған ағаштар қоңыржай белдеулік климатты ескере таңдалып алынған. Қазіргі таңда жаңа білім ошағында сол ауданға жақын «Трилистник», «Arena Park», «Жаңа орталық», «Атамекен», «Комфортный дом», «Сапфир», «Байсанат», «Zaman», «Амадина», «Onix» және мектеп ішінен ашылған үйірмелерге қатысады. Биыл 1500 бала жаңа оқулықпен қамтылғандықтан, қалған 400-ге жуық кітап салқын бөлме сөрелерінде сақталуда. Мектептің әр қабатында коворкинг алаңдары бар болғандықтан, оқушылар емін-еркін пікір алмасып, әңгіме құра алады. Бастауыш және жоғарғы сыныптар үшін бөлек блоктар бар. Қазіргі таңда мектепте 30 шақты бастауыш сыныбы бар. Мектепке конкурс бойынша 130-дан астам мұғалім жұмысқа қабылданды.

Елімізде 2025 жылға дейін заманауи талаптарға сай келетін 800 мың оқушы орнын құру жоспарланған. Бұл апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді. Жоба сонымен қатар, қалалар мен ауылдардағы білім беру инфрақұрылымындағы айырмашылықты айтарлықтай теңестірмек. Облыстық білім басқармасының мамандары 2025 жылдың соңына дейін Қарағанды облысында 18 жайлы мектеп салынып бітуі тиіс екенін айтқан болатын. Оларда 12 500 оқушы білім алады.

– Жалпы биыл облыс бойынша 10 жайлы мектеп құрылысын бастаған болатынбыз. Оның ішінде «Көгілдір тоғандар» мен «Гүлдер» шағынаудандарындағы және Балқаш қаласы, Ақсу-Аюлы мен Жарық ауылындағы мектептердің құрылысын аяқтау жоспарда бар. Жайлы мектептер болғандықтан барлығы сапалы болуы қажет. Сондықтан ұзақ салынып жатыр. Жұмыстар жүріп жатыр. Ендігі жылы облыс көлемінде тағы 4 мектеп салынады, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағандыға көрік берген «Кәусар»

Қарағандының Пришахтинск бөлігінде бой көтерген, робототехника, VR сәулет өнері секілді үйірмелердің түр-түрі бар шығармашылық бағытта шыңдайтын «Кәусар» да биыл жұмысын бастады. Салтанатты сараймен жаз айларында арнайы барып таныссақ та, Қарағандыға көрік беріп тұрған ғимараттың бүгінгі

«Мерей» тұрғынүй кешендерінде тұратын оқушылар білім алуда.

– «Жайлы мектептердің» жабдықтары мен құрылыс материалдары жоғары талаптарға сәйкес таңдалып алынған. Президенттің мега жобасын сапалы іске асыруда спортзалдардың саны басқа мектептерден әлдеқайда артық. Мектептердің дизайны да ерекше, тіпті, бастауыш пен ересек сыныптардың бөлек блоктарда оқуы секілді мәселелер де жіті қарастырылған. Шалғайдағы ауылдардың өзінде жайлы мектептердің бой көтеретіні балалар үшін үлкен олжа болғалы тұр, – деді №19 мектеп директоры Гүлдана Асамиданова.

Мектепте бір ауысымда таңертеңгі мезгілде 2000-ға жуық бала білім алатындықтан, олар түскі уақытын қосымша сабаққа жұмсайды. Көбісі сабақтан кейін келбетіне тоқталуды жөн көрдік.

Қазіргі таңда ауданның кішкентай тұрғындары қала орталығына бармай-ақ ғимараттағы көптеген қызықты үйірмелерге қатысып жүр. Бірінші қабатта Hi-tech цех және шығармашылық шеберхана, хореография залы және Art студия орналасқан. Ал, екінші қабатта жазу және теледидар студиясы, фотостудия бар. Сондай-ақ, сарайдан VR-сәулет және Веб-дизайн студиясын, робототехника және техникалық шығармашылық зертханасын және Stem зертханасы мен музыкалық студияны, экологиялық орталықты көруге болады.

– Оқушылар сарайының жалпы ауданы 3 мың шаршы метр. Кең әрі әдемі ғимаратта өзіне ұнайтын үйірмені таңдауға мүмкіндік мол. Мүмкіндігі шектеулі балалардың да жағдайы жіті қарастырылған. Сенсорика және моториканы дамытуға арналған көптеген құрылғылар бар. Мысалы, ауа көпіршікті колба – көру мен естуді, тактильді сезімдерді жетілдіреді. Құрғақ душ баланың еркіндігін дамытуға, босаңсуға арналған. Оның көмегімен бала жаңа түстерді қызықты түрде есте сақтай алады. Инклюзивті білім беру үшін барлық жағдай жасалған, – деп атап өтті «Кәусар» сарайының директоры Әйгерім Исбекова.

Кәусардағы заманауи жабдықтар дамуға сеп. Ғимараттың бірінші қабатындағы Hi-tech цехында 3D принтерлер, CNC станоктары және басқа да заманауи жабдықтармен жоғары технологиялық прототиптеу зертханасындағы идеялардың басым бөлігі инженерлік өнімдерге, электронды компоненттер жасауға, металды, ағашты, пластмассаны CNC машиналарында өңдеуге, 3D басып шығаруға бағытталған.

Шығармашылық шеберханасы балалардың бастамасы мен шығармашылығына қолдау білдіреді. Олар тігін, кесте тігу және тоқу станогында жұмыс істеу дағдыларын үйреніп алыпты. Модельдердің эскиздерін жасау үшін крекер мольберттері қарастырылған. Шеберханада қыз балаларға арналған тігін машиналары, тоқу машинасы, оверлок, қол тоқу станогы, кесуге арналған үстел үтіктері бар. Сондай-ақ, манекендер, шкафтар, айналмалы бактериялық сәулелендіргіші бар мұғалімге арналған орынмен жабдықталған.

Хореография залы да музыканы мазмұнды беруге арналған жүйеге толы. Майлы акварель, қарындашпен сурет салуға бейімдейтін ART студияда акрил, гуашь, пастель бояулары да қолданылады. Сурет салу бағыты да қазірдің өзінде балалардың өнерін дамытуға әрі өзін көрсетуге үлкен мүмкіндік.

– Бұйымдар гипстен жасалады. Студияда компьютермен жабдықталған мұғалімнің орны, студенттік үстелдер мен орындықтар, интерактивті панель қойылған. Ою станогы әрі ашық хаттар жасауға арналған түрлі жиынтықтар, ринстон, зергерлік бұйымдар мен скрапбукингтен суреттер жасауға арналған, – дейді мұғалімдер.

Ал, жазу студиясы вокалды жазу, аранжировка, музыкалық материалды игеру, түпнұсқа мәтіндер мен музыканы жазуға арналған. Студияда фильмдер мен бейнелерді дауыстауға және қайта дыбыстауға кең мүмкіндік бар.

Сарайдағы телевидение және фотостудия жасөспірімдерге ұжымдық және ұйымдастырушылық жұмыс үшін қажет. Студия журналистика әлемінің қыр-сырына іс жүзінде үңілуге мүмкіндік береді.

– Бүгінде теледидар және фотостудияға арнайы маман тарту жұмыстары жалғасуда. Бұл салаға балалар қызығушылық танытып отырғандықтан, кәсіби шебер мамандарға сұраныс басым, – дейді Әйгерім Әуезқызы.

Сарайда, сондай-ақ, көпшілікке ұнайтын IT кітапхана бар. Кітапхана маңызды жұмыс аймағы болғандықтан ерекше сұранысқа ие. Концерттер, конкурстар, жарыстар өткізуге болатын үлкен акт залы, коворкинг аймақ та бар. Ашық аулада түрлі шаралар өтпек.

«Кәусар» сарайының басшысы Әйгерім Исбекова облыстағы білім беру саласындағы барлық жұмыстардың білім сапасын арттыруға бағытталғанын айтады. Жаңа әрі сапалы ғимараттар өңірлік білім беру саласын одан әрі дамытуға септігін тигізуде. Жаңа ғимараттар білім беру жүйесінің барлық қатысушыларына қауіпсіз, жайлы қызмет етсін.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Технологияға тәуелділік рухани дамуды тежейді»

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерқара Балқараұлы Аймағамбетовпен әңгімеміз бүгінде әлемдік және отандық ғылым алдында тұрған мәселелердің аз ғана, бірақ, өте маңызды бөлігін қозғады. Бұл біздің әңгімеміздің жалғасы барын білдіреді.

– Ерқара Балқараұлы, сіз профессор және экономика ғылымдарының докторы, көптеген монографиялардың, ғылыми мақалалардың, оқулықтардың авторысыз. Мақалаларыңызды республикалық БАҚ беттерінде жиі жариялайсыз, онда Сіз қазіргі қоғамның маңызды мәселелерін айтасыз. Соның ішінде, осы техногендік әлемде «адам болу өнерін» игере отырып, «өмір өнерін» қалай үйренуге болатынын атап өтесіз. Сонымен, ғылыми прогресс пен адам табиғатын қалай бір арнада тоғыстыруға болады?

– Бір кездері ғылыми революция басталған кезеңде, уақыт өте келе, оның барлық мәселелерін түпкілікті шешетін тек білім секілді болып көрінді. Бірақ, бүгін біз ғылымның даму деңгейіне жеткен дәуірде өмір сүріп жатырмыз, оның қалыптасуын, тіпті, ең батыл қиялдарда да елестету мүмкін емес еді. Алайда, бізде бүгінде XVII және XVIII ғасырлардағы немесе тіпті, XX ғасырдың басындағы ғалымдардың оптимизмі жоқ. Қазір біз білімнің неғұрлым көп екенін, техникалық мүмкіндіктер неғұрлым көп болса, соғұрлым жаңа мәселелер туындайтынын көріп отырмыз. Бұл ғылыми білім пайдасыз болды және біз прогресс құндылықтарынан бас тартуымыз керек дегенді білдірмейді. Олай емес екені анық. Бүгін біз әлем туралы және адам туралы алдыңғы дәуірлерге қарағанда көбірек білеміз. Бұл бұрын мүмкін болмаған нәтижелерді алуға мүмкіндік береді. Адамзаттың ғылыми-техникалық жетістіктері біздің өміріміздің жақсаруына ғана емес, сонымен қатар, экологиялық, әлеуметтік және гуманитарлық салдары бар көптеген жағымсыз әрекеттерге әкелді.

Бүгінгі таңда техникалық мүмкіндіктердің бұрын-соңды болмаған дамуымен адамзат кедейлікті жеңе алмайды, өйткені көптеген саяси және әлеуметтік мәселелерді бейбіт жолмен шешудің жолдарын таба алмайды. Қазіргі уақытта адамдар бұрынғы адамдарға тән емес психологиялық күйзелістерден зардап шегеді.

Мұның бәрі бізді техника мен технологияны одан әрі дамыту туралы ғана емес, сонымен бірге адамзаттың техникалық жетістіктеріне сәйкес келетін әлеуметтік жүйені қалай құру туралы ойлауға мәжбүр етеді. Сондай-ақ, өмір сүру жағдайларының өзгеруіне байланысты техникалық, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелерді үйлестіре отырып, адамдардың алдында өмірдің мағынасына байланысты сұрақтар туындайды. Бұл оларды өмірдің мағынасына байланысты мәңгілік мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздеуге мәжбүр етеді. Сондықтан, бүгінде біз дұрыс өмір сүруді білу кез келген адам үшін ең қиын нәрсе екенін көріп отырмыз. Өмір соншалықты реттелгендіктен, ол бізге тек бір формуланы ұстануға мүмкіндік бермей, көбінесе ең жақсы ойластырылған жоспарларды бұзады. Сондықтан, дұрыс өмір сүру қабілеті – ғылым мен білімді ғана емес, дегенмен өз дағдыларымызды, түйсігімізді үнемі жетілдіруді талап ететін өнер.

Өмірдің күрделілігіне байланысты өмір сүру қабілеті сөзсіз көптеген формулалар мен дағдылардан тұрады. Олардың барлығын тек танып-білу жеткіліксіз. Басқа формулалар мен дағдыларды өзара қарым-қатынаста тиімді қолдана білу – маңызды.

Өйткені өмір – біртұтас және жеке бөлшектерге бөлінбейтін құбылыс. Барлық өмірлік элементтер арасындағы қажетті тепе-теңдікті таба білу маңызды.

Тұтастай алғанда, өмір оның барлық көріністерінде, мейлі ол жеке адамның, ұйымның немесе жалпы қоғамның өмірі болсын, әрқашан өзара байланысты құбылыс болып табылады. Сондықтан, өмір өнері өзара байланыс пен тәуелділік принципіне негізделген ойлау және әрекет ету қабілетінде жатыр. Әрине, өмірлік мәселенің жеке аспектісін бөліп көрсету және оған назар аудару әрқашан ыңғайлы. Бірақ бұл аспект маңызды болса да, әлі де алдымызда тұрған мәселенің қалған жақтарын елемеуге болмайды. Өйткені осылайша өмірдің тұтастық Заңы бұзылады. Сондықтан проблемалар мен міндеттерге басымдық беру принципін түсініп, біз өмірдің бір аспектісін, өмірлік мәселелерді шешудің бір әдісін де абсолюттендіруге жол бермеу керектігін әрдайым есте ұстауымыз керек.

– «Ұлттың сапасы білім, ғылым және мәдениетті дамыту арқылы ғана қалыптасады», – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтай отырысында. Сіздің ойыңызша, қазақстандық білім мен ғылым мұндай сын-қатерлерге қаншалықты дайын? Біздің қоғамның рухани үштігі нәтиже бере бастауы үшін қандай кедергілерді жабу керек?

– Иә, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде үш негізгі фактордың маңыздылығын тағы да атап өтті. Онсыз қазіргі жағдайда біз ұлтымыздың жаңа сапасына қол жеткізе алмаймыз. Мен елестететін жоғары білім бүкіл рухани үштікті біріктіреді. Университеттер – жоғары білім беру орталықтары, мамандар, педагогтар мен ғалымдарды даярлау орталықтары. Олар білім мен ғылымды біріктірген қоғамның маңызды мәдени орталықтары болып табылады.

Егер жоғары оқу орындарының Қазақстан ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қосқан үлесіне тоқталсақ, онда бізде осы үш саланың әрқайсысында айтарлықтай әлеует бар деп айта аламыз. Мұндай әлеуетті біздің педагогтарымыздың, ғалымдарымыздың және мәдениет қайраткерлерінің бірнеше буыны қалыптастырды. ЖОО жүйесінде жинақталған барлық жұмыстардың арқасында олар еліміздің дамуына өз үлесін қосуда. Бірақ бұл ретте біз ЖОО жүйесінде, сіз атап өткендей, өз тараптарымыз бар екенін мойындауымыз керек. Олардың қатарында ЖОО қызметкерлерінің ғылыми өнімділігінің жеткіліксіздігі мәселесі бар. Өйткені, біздің жоғары оқу орындарымыздың көпшілігі оқу орындары ретінде Кеңес заманында құрылды. Посткеңестік кезеңде университеттерді ғылыми орталықтарға айналдыру бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Бұл мәселеде белгілі бір нәтижелер бар. Бірақ тарихи инерция әлі де толығымен жойылған жоқ.

Сондай-ақ, біздің ЖОО-ы мамандарды даярлау жүйесінің түбегейлі реформасынан өтті. Бұдан да жылдам өте алмады. Бірақ, бүгінде біздің университет жүйесі жалпы заманауи талаптарға бейімделді деп айтуға болады.

Сондай-ақ, 90-шы жылдары білім беру жүйесінде белгілі бір құндылық вакуумы пайда болғанына назар аудару керек. Сол кезде біз студенттеріміздің рухани тәрбиесін сағындық. Бірақ содан кейін студенттердің рухани қалыптасуының маңыздылығын түсінуге қол жеткіздік. Бүгінгі таңда қазақстандық жоғары білім оқу процесінде бір мезгілде өздерінің жеке және азаматтық бірегейлігін қалыптастыруда көмек алатын мамандарды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін құндылықтарға сүйене отырып білім беріледі.

Менің ойымша, әрбір жас адам өз халқының уақыт елегінен өткен барлық рухани байлығын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, ғасырлар тарихы мен даналығын бойына сіңіруі керек.

Ежелгі адамдардың ақыл-ойы таңдануға лайық. Олар, менің ойымша, мемлекет тағдыры үшін замандастарынан кем емес азаматтарды тәрбиелеудің маңызын түсінді. Білім мен тәрбие адамдардың тиісті кейіпкерлерін қалыптастырады. Демократиялық білім демократияға қызмет етеді және оның құрылымдық тәртібін қайта жасайды. Уақыт Аристотельдің «Ең жақсы тәрбие жүйенің жақсы түрін қамтамасыз етеді» деп айтқанын дәлелдеді.

Атақты чех педагогы Я.Коменский «Ұлы дидактиканы» жазып, онда ол «барлығын бәріне үйрету» тілегін жан-жақты, яғни болашақ білім беру «дақылдарының» көптеген құнды дәндері жасырылған білім берудегі демократия, энциклопедия және кәсібилік принциптерін теориялық тұрғыдан негіздейді. Кейінірек ұлы Д.Дидро кітап пен ағартушылықтың даңқы үшін «Адамдар оқуды тоқтатқан кезде ойлауды тоқтатады» деді. Мұның бәрі білімді жаңа дәуірдің басталуына дайындады және оны алдын ала анықтады.

– Ерқара Балқараұлы, Сіздің ойыңызша, жастарға білім беруде ғасырлар даналығы мен заманауи білімді қалай ұштастыруға болады? Олар салауатты дәстүрлерге сүйене отырып, жалпыға бірдей цифрландырудан бастап, алаяушылық пен нанымға дейін өздерін және сенімдерін қалай қорғай алады? Бұл мәселеде Сіз жоғары оқу орындарына қандай рөл бересіз?

– Иә, ЖОО-ның электрондық-ақпараттық ортасы – білім беруді цифрландырудың құрамдас бөлігі. Әрине, цифрлық технологияларға тәуелділік электронды технологиялармен шектелетін және басқарылатын дербестікті, еркіндік және тұлғаның рухани даму деңгейін төмендетеді.

Адамзаттың дамуы екі маңызды тенденциямен байланысты. Бір жағынан, әлемде ғылыми-техникалық революция басталғаннан бері сөзсіз әмбебаптандыру орын алды. Сонымен, ғылым мен техниканың заңдары бірдей. Айырмашылықтар егжей-тегжейлі болуы мүмкін, бірақ барлық халықтар ғылым мен техниканың дамуының жалпы объективті заңдарына бағынуы керек.

XX ғасырдың аяғында әлем жаһандану деп аталатын экономикалардың жақындасу кезеңіне енді. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында танымал саясаттанушы Фрэнсис Фукуяманың айтуымен халықтар мен елдердің мұндай жақындасуы тарихтың соңы ретінде жалған түсіндірілді. Бірақ шындық Фукуяма тұжырымдамасын жоққа шығарды. Біздің әлемнің халықтары мен елдері үшін олардың бірегейлігі де маңызды екені белгілі болды. Фукуяманың өзі өзінің қателігін мойындауға мәжбүр болды, содан кейін «Сәйкестілік саясаты» кітабын жазды. Онда ол кез келген деңгейдегі кез келген саясат әлеуметтік топтар мен халықтардың жеке басының көрінісі екенін мойындады.

Фукуяманың осы жұмысына дейін экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Акерлоф «Сәйкестілік экономикасы» кітабын жазды. Онда жаһандану тенденцияларына қарамастан, экономикаға әртүрлі топтар мен халықтардың жеке басы әсер ететінін көрсетті.

Мәдениет пен экономиканың өзара байланысы туралы айта отырып, біз мәдени нормалардың экономикаға тікелей әсерін ескеруіміз керек. Олар, басқалармен қатар, кез келген елдің экономикасының маңызды бөлігі болып табылады. Барлық жаһандану процестеріне қарамастан, миллиардтаған адамдардың күнделікті мәзірінің негізін құрайтын халықтардың гастрономиялық ерекшеліктеріне назар аудару жеткілікті. Нәтижесінде әлемдегі ұлттық азықтүлік өнімдерін өндіру және тұтыну триллион доллармен өлшенеді. Бұл сома мәдениеттің халықтардың тағамдық артықшылықтарындағы ерекшеліктер арқылы экономикаға тікелей әсер ететіндігін көрсетеді. Бірақ әр халықтың киім, сәулет және интерьер дәстүрлері бар, олар да тиісті өнімдерді өндіруге үлкен әсер етеді. Ол сондай-ақ кем дегенде жүздеген миллиард доллармен өлшенеді.

Мәдениеттің экономика үшін маңызы мәдени мазмұнның қоғам мен адам өмірінің барлық салаларында болуымен байланысты. Мәдениеттің осы позициясының арқасында ол қоғамның барлық мүшелерінің ойлауы мен іс-әрекетін қалыптастыруға әсер етеді. Нәтижесінде экономикалық ұйымдар әрқашан өз қызметін мәдениет шеңберінде жүзеге асырды. Бүгінгі таңда заманауи зерттеулер арқылы мәдени стереотиптердің адамдардың ойлауы мен мінез-құлқы үшін маңыздылығы нақтыланғанын растауға қол жеткізілді. Мәдениетке негізделген ойлау тәсілдері ғалымдар мен сарапшылар ұсынған теориялық рецепттерге қарағанда салыстырмалы түрде үлкен мәжбүрлі әлеуетке ие екендігі расталды. Бұл дәстүрге негізделген білім мен құндылықтар кәсіпкерлер мен менеджерлердің алдында тұрған мәселелерді шешуге көбірек әсер етіп қана қоймай, олардың ойлауын қалыптастыру негіздерін анықтайды.

Мәдени нормалардың ерекшеліктеріне байланысты өндіріс пен басқару стандарттары да, осындай стандарттарды жүзеге асыру тәсілдері де айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, тұлғааралық қатынастар мен тұрақтылық, сондай-ақ, қабылданған міндеттемелерді орындау жоғары бағаланатын қоғамдық нормалар негізінде қалыптасқан оңтүстік-шығыс бизнесі үшін ұзақ мерзімді жеке қатынастарды құру туралы шешім қабылданады. Батыс елдерінде мәдени нормалар адамдарды иесіздендірілген және қысқа мерзімді қатынастарға көбірек бағыттайды.

Сондықтан, қазіргі әлемде біз әмбебап шындықты бірегейлігіміз туралы шындықпен біріктіруіміз керек екенін есте ұстауымыз керек. Өйткені, біздің әлемге тек биоалуандық қана емес, сонымен қатар мәдениеттердің алуандығы қажет. Философия, тарих, әлеуметтану, саясаттану пәндерімізде біз студенттердің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, жалпы адамзаттық көкжиегі бар заманауи адамдар болу қабілетін қалыптастыру үшін жұмыс істейміз.

Ұлттық бірегейлігімізді сақтау және дамыту үшін біз студенттер біздің дәстүрлерімізге қосыла алатын түрлі клубтардың, үйірмелердің жұмысына көп көңіл бөлеміз. Бізде ұзақ уақыт бойы сән театры жұмыс істейді, ол студенттерді өнермен таныстырудан басқа, олардың жеке басын дамытуға мүмкіндік береді.

– Өз мақалаларыңыздың бірінде сіз жапондықтардың ұрпақ тәрбиесін де өзімшілдікті жеңуге және басқаларға қызмет етуге ерекше мән берілетінін атап өттіңіз. Бұл бізге қаншалықты қатысты және ол адамды бірегейліктен айырып, оның өзін-өзі анықтау құқығын бұзбай ма?

– Менің ойымша, жапон мәдениетінде ғана емес, басқаларында да, соның ішінде біздің мәдениетімізде де өзімшілдікті жеңу дұрыс және қажетті нәрсе. Өйткені, адамда жеке тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік беретін индивидуализм бар. Ал өзімшілдік тек қоғамға ғана емес, адамның өзіне де зиянды.

Өзгелерден ерекшеленетін салауатты тұлғаның айырмашылығы – ол өзінің жеке басын қоғамның мүдделерінен жоғары қоймайды. Сондықтан өзін-өзі дамыту қабілеті бар сау адам үшін басқалармен ынтымақтастық тек жалпы игілікке әкеледі. Өзімшіл адам қоғам үшін ғана емес, өзі үшін де өзімшілдіктің жағымсыз салдарын түсіне алмайды. Осылайша, ол өзін онсыз пайда бола алмайтын және өмір сүре алмайтын ортаға қарсы қояды.

Жеке адамды қоғаммен, оның өмір сүру ортасымен санасу керек десек, бұл оның бірегейлігін құрбан етіп, өзін-өзі анықтау құқығынан айыруы керек дегенді білдірмейді. Біз барлық көрнекті тұлғалар қоғамның маңыздылығын түсінетінін және өзімшіл емес екенін білеміз. Олар бірегейліктің қоғамның арқасында ғана мүмкін екенін түсінді. Сондықтан, біз жастарымызды олардың бірегейлігін сақтай отырып, қоғамның бір бөлігі болуды үйренуге көмектесетін өмірлік формулалар негізінде тәрбиелеуіміз керек.

Білім күнінде (1 қыркүйек) мен бірінші курс студенттерінің алдында дәріс оқыған сайын әлемдегі ірі компаниялар мен фирмалардың менеджерлерінің, бай адамдар Л.Якокка, Г.Форд, К.Мацусит өмірінен мысал келтіремін. Мысалы, Л.Якокка ысырапшылдықты жек көретінін, ешқашан нанды тастамайтынын және қыздарының арзан сатылымдардан заттар сатып алатынын қуана жазды.

Ал Г.Форд кәсіпкерліктің табысты жолы – іске, қоғамға, қолайсыз адамдарға қызмет ету принципі деп есептеді. Оның пайымынша қаржылық мүдделердің үстем болуы қызмет ету принципін бұзады. Өйткені, адамның барлық белсенділігі тек бүгінгі күннің пайдасына бағытталады, ал болашақ, ертеңгі күн және жалпы даму перспективасы бүгінгі долларға құрбан болады.

Адам әрқашан әлеуметтік топтың, халықтың, елдің және жалпы адамзаттың бір бөлігі болып қала береді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Оксана МЯГКИХ

Суретті түсірген
Валерий ПЕТУХОВ

● ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ

Болашақтың таңдауы

Қазақстан тәуелсіздігінің барлық кезеңіндегі аса маңызды оқиғалардың бірі ретінде бағаланған Атом электр станциясын салу бойынша референдумды жыл жаңалығы ретінде ерекше атауға болады. Саяси қайта қалыптасуға қатысы жоқ, жалпы есеп бойынша ел тарихындағы төртінші референдум «Бізге атом энергиясы қажет па, жоқ па?» деген сауалдың нүктесін қойды. Елдегі дауыс беру құқығы бар 12 284 487 адамның 7 820 204-і өз таңдауын жасады. Бұл ретте 5 561 937 қазақстандық «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген жалғыз сұраққа «Иә» деп жауап берді.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлемдік прогресстен шет қалмай, бәсекелестік артықшылықтарды пайдалануда АЭС құрылысы тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең ауқымды жоба болмақ деп баға берді сарапшылар.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ретте атом электр станциясын салу ұзақ мерзімді жоба екенін айтып, ол еліміздің ондаған жылдарға тұрақты ілгерілеуін қамтамасыз ететінін мәлімдеді.

Бұл – уақыт талабы. Оның барлық артықшылықтарын бүгінгі жастарымыз бен қазақстандықтардың кейінгі ұрпақтары толық сезінеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сөйтіп, 2024 жылдың 6 қазаны, яғни, референдум өткен күн тәуелсіз Қазақстанның



тарихында айтулы күн ретінде жазылды. Ал, таңдауды халықтың өзінің жасауы еліміздегі демократияның ашық көрінісі болды.

Яғни, еліміздегі атом энергетикасының тағдырын қазақстандықтар анықтады. Ал, тарихтағы алғашқы референдум болашақта осы саланың дамуына жол ашты.

Қазақстандықтардың АЭС құрылысы бойынша дауыс беруге белсенді қатысуы да отандастарымыздың ел өміріне әсер ететін шешімдер қабылдауға мүдделі екендігін айғақтайды. Бұл ретте, референдум барысында қарағандылықтар өзге өңірлермен салыстырғанда дауыс беруде белсенділік танытты.

Әрине, АЭС салу – бір жылдың емес, ондаған жылдардың еншісіндегі алып жоба. Жобаны іске асыру кезінде қаржыландыру шарттары, технология, станция қуаты, оның орналасқан орны сияқты көптеген факторлар ескеріледі. Мәселен, әлемдік тәжірибе қуаттылығы үлкен станция құрылысы шамамен 10-11 жылға созылатынын көрсетеді. Бірақ, оған бөлінген қаржы болашақта толығымен ақталатынын анық. Ал, ол үшін еліміздің қаржылық әрі кадрлық әлеуеті жеткілікті.

Сарапшылар Қазақстанның атом саласында 20 мыңнан астам адам жұмыс істейтінін айтып отыр.

ҒАЛЫМ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АРДАГЕРІ ДӘУЛЕТ СӘРСЕНБАЕВ – 70 ЖАСТА

Арқаның арда туған азаматы

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бастау

Жақында Әлихан Бөкейхан ауданындағы «Жаңа Майқұдық» Мәдениет үйінде өткен шараға қатысудың сәті түсе кеткені. Мәдениет ошағының кең дәлізіне өңір мәдениетінің тарихынан сыр шертер ескі фотолар көрмесі қойылған екен. Сол көрмені тамашалап жүріп, екі-үш ақсақалдың өзара әңгімесіне назарым ауа қалсын. Кәсіби дағды ғой, ақсақалдарға жақындау барып, құлақ түрдім.

Ортасындағы жастауы:

– Мына Мәдениет үйіне көптен бері келмеген едім. Жақсы болып қалыпты. Жөндеу жұмыстары да сапалы жасалған екен, – деді. Екіншісі іліп алып:

– Е-ее, бұл ана бір жылдары қаңырап қалған ғимарат еді ғой. Есігіне қара құлып салынып, «өтпелі кезеңнің» бар ауыртпалығын жалғыз өзі көтергендей, бүгінгідей ән әуелемек былай тұрсын, жан баласы «үстіме бірдеңесі құлап кете ме» деп, айналып өтетін қауіпті нысанға айналғанын да көргенбіз. Қателеспесем, сол жылдары осы сарай бұзылады дегенді де естіп қалатынбыз. Мың болғыр Сәрсенбаев осы Октябрь ауданының әкімі болған жылдары осы руханият ордасының тамырына қан жүргізіп, жарығын, жылуын қалпына келтіргені есімде. Сол Дәулет Сәрсенбаевтың арқасында жөндеу жұмыстарына қаржы бөлініп, аман қалған ғимарат қой бұл, – деді.

Әңгімеге үшінші ақсақал қосылды. Ол:

– Иә, сол жылдары билікте «жоқтан бар жасап», барды ұқсата білетін мықты жігіттер тізгін ұстады ғой. Жалғыз мына Мәдениет үйі емес, бүкіл қала жарықсыз, жылусыз қалып, балконға от жағып, қазан көтерген кездеріміз болғанын қалай ұмытайық?

...Ақсақалдардың әңгімесіне араласқым келді. Өйткені, олар әңгімелеп тұрған Дәулет Маматайұлы Сәрсенбаев менің болашақ кейіпкерім еді. Кейіпкер болмысын кемелдендіре ашу үшін ең қажетті дүние – осындай естелік. Өкінішке орай, көзкөргендермен сұхбат құрудың сәті түспеді. Ұйымдастырушы тарап өкілінің «Залға кіріңіздер! Бастаймыз» деген даусы естілді де, Дәулет аға дәуірінің куәгерлері залға беттеді.

– Әттеген-ай! – деп, мен де залға ұмтылдым.

Сондағы Дәулет Сәрсенбаев кім дейсіздер ме? Тарих табалдырығын аттағалы тұрған 2025 жылдың 3 қаңтарында мерейлі 70 жасқа толатын мемлекеттік қызмет ардагері, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы, абзал аға, асыл азамат, қайраткер тұлға! Ғалым. Азамат. Қарағандының патриоты. Жаңаарқаның жампозы.

Қас-қағым сәтке созылған ақсақалдар әңгімесінен мен де ой түйдім. Өткенге көз жүгірттім. Сонау 90-жылдардың соңы, 2000 жылдардың басында, яғни, ғасыр тоғысында облыс орталығы Қарағанды қаласында күрделі ахуал қалыптасып, кеншілер астанасының тұрмыс-тіршілігі тығырыққа тірелгенін ешкім ұмытқан жоқ. Әсіресе, коммуналдық саланың халі мүшкіл болған еді. Айлап жалақы, зейнетақы алмаған, ақшаның мөрін ұмытуға айналған қарапайым тұрғындардың да тұрмысы тұралап тұрған. Сол жылдар еске түскенде «Жезқазғанды Қарағандыға қоспағанда, «Қазақмыстың» қаржысы болмағанда...», – деп сөз сабақтай жөнелетініміз де жасырын емес. Иә, оның да септігі болған шығар. Алайда, Арқа төсіндегі апайтөс қаланы тығырықтан шығарып, құлдыраудан аман алып қалған сол уақытта іс басында болған азаматтардың қажыры мен қабілеті екенін де ұмытпауымыз керек. Олар Қарағандының нағыз патриоттары еді! Солардың бірі – Дәулет Маматайұлы Сәрсенбаев.

Құлаққүй

Сыр-толғау жазу да – күй шертумен бірдей дүние. Құлаққүйін келтіріп, пернелерін дөп басып, шанақтан төгілген күмбір күйге мән бермесең, шығарманың шырайы кіре қоймайды. Кейіпкеріңнің келбеті құлаққүйге байланысты.

Сонымен...

Ұлылардың мекені, алыптардың алтын бесігі Жаңаарқада туу да – бақыт. Абылайдың «Семіз биі» атанған Байдалы биден Алаштың абызы Ақселеуге дейінгі жылнамада небір жампоздар мен жайсаңдардың атамекені болған Жаңаарқа топырағынан тектіліктің тамыры үзілген жоқ. Сұңқар Сәкеннен бастап, бүгінгі қазақ өнерінің жарық жұлдыздары Қайрат пен Қорабайға дейінгі тұлғаларды тізімдей берсек, тізгініміз босаңсып, кейіпкер болмысынан жырақ кетіп қалармыз...

Дәулет аға туралы жазбамызда Ақселеудің есімі ғана кейіпкер есімімен қатар аталуы мүмкін. Өйткені, Дәулет Маматайұлы – Ақаңның бауыры, ең жақыны. Сондай-ақ, тәуелсіз Қазақстанның кеден саласында ұзақ жыл басшылық қызмет атқарып, Қарағанды қаласының, Қарағанды облысының әкімі болып, ел игілігіне еңселі еңбек сіңірген Бауыржан Әбдішев – Дәулет ағаның туған бауыры. Олай болса, қатардағы шенеуніктің барлығында бола бермейтін рух асқақтығы, ұлт тарихына, қазақы құндылыққа, Отанға деген ыстық махаббаттың Дәулет ағаның жүрегіне құндақталу себебін тегінен іздей беріңіз.

Дәулет Маматайұлы 1955 жылы 3 қаңтарда жазиралы Жаңаарқада туған. Әкесі Маматай 1938 жылы Петропавлдағы теміржол техникумын бітіріп, Омск теміржол институтына түседі. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады да, бірге оқып жүрген 3-4 жігіт бірігіп әскери комиссариатқа барып майданға сұранады. Құжаттарын мұқият қараған әскери комиссариат оларға «Қазір жағдайдың күрделенуіне байланысты майдан шебіндегі барлық зауыт-фабрикалар тылға, яғни, Орал өңірі мен Сібір аймағына көшіріледі. Тіпті, Азияға, Қазақстанға қоныстанатын өндіріс орындары болуы мүмкін. Сондықтан, өндіріске теміржолшылар қажет болады. Біз сендерді арнайы броньмен алып қаламыз. Тылдағы өндірісте жұмыс істейтін боласыңдар» деп, майданға жібермейді. Ресейдің Пенза облысы маңындағы теміржол желісінде жұмыс істеген Маматай Сәрсенбайұлы соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де осы салада абыройлы қызмет атқарды. Ұзақ жыл Жаңаарқа жол дистанциясында жол қауіпсіздігін бақылаушы болып істеді.

Аудан аумағында абыройы биік, ел арасында өте сыйлы болған әкесі Маматай марқұм анасы Қамар апай Дәулет ағаның білім алып, спортпен шұғылдануына ерекше көңіл бөлді. Жаратылысы зерек, ізденімпаз бала Дәулеттің өзі де ортасының көшбасшысына айналып келе жатқан. Әсіресе, спортқа деген қызығушылығы керемет еді. Тура Дәукеңнің жасөспірім шағында аудан орталығында «Жас сұңқар» спорт мектебі ашылады. Кейіннен ағайынды Байшолақовтардың әлемді дүр сілкіндірген даңқымен қазақ күресі мен самбо бағытына басымдық бергені болмаса, алғаш ашылған «Жас сұңқарда» спорттың барлық түрінен секциялар жұмыс істейтін. Дүйсенбай Бөкенаев, Диханбай Биткөзов, Ғазым Жарылғапов сынды спорт саңлақтары басшылық жасады.

Бұл кезде Дәулет аға өз бастамасымен мектеп оқушыларынан команда жасақтап, кейін аудан бойынша барлық еңбек ұжымдарының командалары қатысқан спартакиадада оның командасы чемпион атанды. Ол кезде аудан намысын абыроймен қорғап жүрген теміржолшылардың «Локоматив» командасы болатын. Ақтық кездесуде осы команданы айқын басымдылықпен жеңген оқушылар командасы Жаңаарқа футболының аңызына айналып шыға келді. Футболға деген ықылас-ынта, асқан шеберлігімен көзге түскен Дәулет аға 8 сыныптан бастап аудан құрамасының сапында ойнап, Тараз қаласында, Алматы облысында өткен Қазақстан біріншіліктеріне қатысты.

Осындай жеңісті жолдары қанаттандырған қаршадай бала спортқа шын ықыласымен ден қойды. Жалғыз футбол емес, бұқаралық спорттың бірнеше түрімен айналысты. Мектеп, аудан өміріндегі қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып жүрді. Мектепті үздік бітіргенімен, сол 1972 жылы әкесі науқастанып, оқуға бара алмады. Сөйтіп, екі жыл Н.Крупская атындағы орта мектепте дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып қызмет етті. Дипломсыз мұғалім болуына оның спорттағы жетістіктері, қоғамдық белсенділігі сеп болды. Партия қатарына да қабылданды. 1974 жылы Қарағанды педагогикалық институтының дене тәрбиесі және спорт факультетіне түскен жас коммунистің дәуірлеу жолы осы студенттік шағынан басталды. Төрт жыл бойы жатақханада студенттер кеңесінің төрағасы, құрылыс отрядының командирі, институттың партком мүшесі болды. Диплом алғаннан кейін кафедраға оқытушы болып қалу жөніндегі ұсыныстан бас тартып, аты аңызға айналған бапкер Ғалым Жарылғапов басқаратын Қарағанды спорт техникумында ұстаздық қызмет атқарды.

Бұл жылдар болашақтағы абырой асуларының алғашқы баспалдақтары еді...

Пернебасар

Ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі қабысқан жігерлі жас басқарған құрылысшылар отряды іргедегі «Қазақстан» совхозы мен «Ертіс-Қарағанды» каналының құрылысына қатысты.

Өмір соқпағындағы тағдыр күйінің пернесін дөп басқан Дәулет Сәрсенбаевтың дәуірлеу кезеңі де осы құрылыстан басталған. Бұл кезде отау құрған. Үміт жеңгеміздің аяғы ауыр. Бүгін-ертең деп, отбасы қуанышын күтіп жүрген болашақ әке жұбайының жағдайын білмекке бір күні «Қазақстан» совхозынан қалаға кетеді. Сол күнгі құрылыс басында болған келеңсіз жағдай Дәулет ағаның келешегіне керемет ықпал еткенін айтқалы отырмыз.

Күн ыстық. Қызыл құмға жұмыртқа пісіруге болатындай шыжып тұр. Командир Сәрсенбаев қалаға кеткен. Құрылыс басына «Ертіс-Қарағанды» каналының бас басқарушысы Леонид Константинович Полежаев келеді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты қорғаныш бас киімді (каска) де, арнайы құрылысшылар киімін де шешіп тастап, жұмысқа құлшына кіріскен жастарды Полежаевтың тосын үні кідіртеді. Ол бас-көз жоқ «Неге еңбек қауіпсіздігі ережесін сақтамайсыңдар? Мынау не сұмдық?» деп дүрсе қоя береді ғой. Күннің ыстығынан әбден титықтаған, оның каналдың бас басқарушысы екенінен де бейхабар жастардың бірі дөрекілік танытып, боқтап жібереді. Сол күні қаладағы командирге хабар жетеді. Ол түнделетіп құрылыс нысанына келіп, жігіттерден мән-жайды біледі де, таңертеңгі уақытқа облыстық комсомол комитетіне болған оқиғаға қатысты түсінік беруге шақырып жатқандықтан, кері қайтады. Ертесіне облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы марқұм Қайролла Қабжановтың алдынан табылады. Барлық жағдайды түсіндіріп, жастардың кінәсіздігін дәлелдермен нақтылап, байсалды түрде түсінік берген жас жігіттің құрылысшыларға араша түскен табандылығы мен коммунист ретіндегі ұстанымы бірінші хатшыға ұнап қалады. Көп ұзамай облыстық комсомол комитетіне нұсқаушылыққа шақырылады.

Комсомолдан басталған өнегелі өмірдің қансонары тек ізденіс, тиянақтылық, өрлеу, даму жолы болып жалғаса береді. Облыс орталығындағы Совет аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Совет аудандық Халықтық бақылау комитетінің төрағасы, Совет аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қарағанды қалалық халық депутаттары атқару Кеңесі төрағасының орынбасары, Қарағанды облысы бойынша қаржылық бақылау басқармасының басшысы, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, Әлихан Бөкейхан ауданының (бұрынғы Октябрь ауданы) әкімі, қайтадан – 2005 жылы Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары. Қазақстан ЛКСМ ОҚ XV съезінің, Қазақстан Компартиясының XVII съезінің делегаты. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан инженерлік академиясының академигі (2001 ж.). Осал лауазым, оңай абырой емес.

Осынша жол, асқаралы асуды абыроймен бағындырды.

...Дәулет аға екеуміз жақын араласып, ұзақ әңгімелесеміз. Аға шерткен сырда айтылмайтын да, жариялауға болмайтын көп құпия бар. Әсіресе, жазықсыз жапа шегіп, жалған жаланың құрбаны болған сәттерін, біз жазбасақ та біледі осы жұрт. Бірақ, ақиқат айтылмай қалмайды. Оны да сабырмен күткен абзал болар.

Тоғыз перненің толғауы

Дәулет ағаны 18 жасында коммунист болып, партиялық жүйенің қазанында піскен шікірейген шенеунік екен деп қалсаңыз, шатасасыз. Ол – ұлттық өнердің жанашыры. Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары болып жүрген кезінде, нақтысын айтсақ, 2001 жылы қазақтың Тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына 10 жыл толуына орай республикалық ақындар айтысын ұйымдастырған да осы Дәулет Сәрсенбаев екенін ұмытпауымыз керек. Ақсүйек өнердің абызы Жүрсін Ерманға ұсыныс жасап, Ақселеу Сейдімбекпен ақылдаса отырып, қазылыққа қазақтың біртуар қаламгерлері Қадыр Мырза-Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Сәкен Жүнісовтерді шақырып, барша Арқа жұртының атынан оларға керемет құрмет көрсеткен де – осы Дәукең!

«Шахтер» стадионының бүтін орындығы қалмай, салынғалы жөндеу көрмеген спорт нысанын қайта жаңғырту барысында штабты басқарып, іскерлік танытқан да – осы Дәулет аға!

Облыс орталығына кіреберістегі Архитектурная көшесіндегі көпірді қалыпқа келтіріп, абаттандыру ісінде сол кездегі аудан әкімі Дәулет Сәрсенбаевтың қолтаңбасы бар.

Қаланың Оңтүстік-Шығыс аумағындағы жолдарды кеңейту жобасында да негізгі жұмыс тобына жетекшілік еткенін ешкім ұмыта қойған жоқ.

2003 жылы болу керек, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында жылуэлектр орталығында оқыс апатты жағдай орын алып, қаланың Майқұдық, Пришахтинск, Сұрыптау аудандары жылусыз, жарықсыз қала жаздаған. Сол апаттың салдарын үш тәулік ішінде қалпына келтірген штабты да аудан әкімі Дәулет Сәрсенбаев басқарыпты.

«Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің сол кездегі басшысы Григорий Презентпен келісім жасап, компанияның демеушілігімен Түсіп Күзембаев көшесіне жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, көше бойына даңқты кеншінің мүсінін қойғызғаны өңір тарихына өшпестей болып жазылды.

Бала күнінен бойында бұлқынған футболға деген құштарлық лауазымды қызметте жүрген кезінде де бәсеңдеген жоқ. Алаң жағалап, ала доп қуаламаса да, 2001 жылы қала әкімінің орынбасары болып жүрген кезінде шағын футболдан республика біріншілігін ұйымдастырып, Арқа төсін дүбірге бөлеген спорт мерекесіне қазақ футболының аты аңызға айналған жұлдыздары Тимур Сегізбаев, Сеильда Байшаков, Анатолий Ионкинді шақырғанын футбол жанкүйерлері ұмытқан жоқ. Одан кейін Қазақстан Республикасы Парламент депутаттары мен облыс әкімдігі командалары арасында футболдан жолдастық кездесу ұйымдастырғаны тағы бар.

Бір мандатқа 16 үміткер тіркелген 2004 жылғы Парламент сайлауындағы саяси бәсеке кезінде де түпкі нәтижеге ешқандай ыңғыншыңсыз, әділеттің жолымен қол жеткізуге де өлшеусіз үлесін қосты.

Сонымен қатар, Дәулет аға – Мәскеудің экономиканы басқару академиясында (қазіргі РФ Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы) білім алып, сол академия қабырғасында кандидаттық, докторлық диссертация қорғаған аз қазақтың бірі. Іргелі оқу орнының ректоры, академик Алексей Емельяновтың өзі қазақ ғалымының терең білім, берен болмысын мойындап, академияға оқытушылыққа қалуын өтінген екен. Қазақстанды жер жұмағына айырбастамайтын, Қарағандыны сүйетін Дәулет аға зор мүмкіндіктен бас тартқан. Бұған дейін де Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне жауапты қызметке шақырылған. Онда да келісім бермепті.

Ол – Қарағандының патриоты!

Бүгінде зайыбы Үміт апай екеуі үш ұл, төрт немере тәрбиелеп өсіріп, ұрпақ қызығына кенеліп отыр. Үміт апай – КСРО Сауда саласының үздігі.

Барша қарағандылықтар әр ісін, әрбір жобасын ерекше құрметпен еске алып, бүгінгі күнге дейін тілеуін тілеп отырған бір азамат болса, ол да – Дәулет Сәрсенбаев!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Еркек

(Дәулет Сәрсенбаев бауырыма)

Ер болу ғой әр еркектің борышы,
Туғаннан-ақ сезеді екен оны іші...
Қайда жүрсе, анандайдан
атой сап,
Шақырады Ұлы Отан Соғысы!

Еңгезердей, көкке тиіп
жатыр бой,
Оны алыстан асқақ-асқақ
шақырды ой!
Отанын да сатпайды олар,
досын да,
Еркек емес, сатса –
Жәлән қатын ғой?!

Еркек болу еркекке –
Ердің борышы,
Туғаннан-ақ сезеді екен оны іші.
Қонбайды онсыз арқамызға
аруақ,
Болмайды онсыз елде Азамат
Соғысы!

Ол сүйсе де, өліп-өшіп сүйеді!
Ол күйсе де, күл боп сөніп,
күйеді.
Айдай Ару тұрса алдында,
абдырап,
Жауға имеген алтын басын иеді!

Ездер күнде езіп уын ішкізген,
Егіліп бір кете ме осы күш
бізден?
Бір халыққа тұлға болар
ер болса,
Бір арудан алу керек үш жүзден!

Ер болса да езбен ғұмыр сүреді,
Аттай тулап
Сау жері жоқ жүрегі!
(Сүйген жардан сая таппай
қалғанда
Жезөкшелер үйінде де жүреді).

Менің түбім Ер Тарғында –
Текте! – деп,
Бетсіздермен сөйлеседі
бетпе-бет.
Жеңіледі ол аярменен айқаста...
Еркектердің есіл-дерті –
жекпе-жек!

Төрелерден қалған бұ да
төре еді.
Өз ұлысын өр руҳқа бөледі.
...Арқасынан пышақ салса
аяр қу,
Алты жылдай жатып...
Әзер өледі...

● ҚАЗАҚСТАН БОЛАТЫНА – 80 ЖЫЛ

Балқыған болат, шалқыған шаттық

Теміртау қаласында елімізде тұңғыш болат балқымасы алынуының 80 жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталып өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл болат балқымасы Ұлы Отан соғысы әлі жүріп жатқан 1944 жылдың 31 желтоқсанында сағат 12:00-де сол кездегі Самарқанд кентіндегі Қазақ металлургия зауытында алынған еді. Оны алу үшін гитлерлік басқыншылар уақытша басып алған Украинаның, Донбастың металлургиялық зауыттарынан мартен пештері мен жабдықтары мұнда эшелондап жеткізіліп, 30 желтоқсанда алғашқы мартен пешін толтыру басталған болатын.

Қайнап тұрған соғысқа қарамастан Қазақстан Үкіметінің қаулысымен аз ғана мерзім ішінде Қазақ металлургия зауытын салып, алғашқы мартен пешін іске қосып, оны толық игерген құрылысшылар мен металлургтердің еңбегін ерлік деп бағалауға болады. Дәл осы оқиғадан Қазақстандағы қара металлургияның дамуы бастау алады.

Қазақтың тұңғыш болатының өндірілгеніне 80 жыл толған биылғы жыл осы Қазақ металлургия комбинатының мартен цехы құрылысының бастамашысы әрі тәлімгері академик, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуымен тұспа-тұс келгені де ерекше. Қанағаңның келешекті болжай білген көрегендігі сонда, ол өткен ғасырдың 20-жылдарының аяғында-ақ «Самарқанд кентінің ауданын табиғаттың өзі болашақта Қазақстан қара металлургиясының орталығы болатындай етіп белгілеп берген» деп жазған. Оның сол болжамы дәл келіп, 1930 жылдары осы жерде еліміздегі ірі болат құю кәсіпорны – Қарағанды металлургия комбинаты ашылып, 1945 жылы кент Теміртау атанып, қала мәртебесін алады. Қазір сондағы шағын зауыттың өндірісі неше есе өсіп, құрышшылар қаласында 200 мыңға тарта сан ұлт өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде.

Осынау атаулы күнге арналған той салтанаты таңертеңгілік Теміртау қаласына кіреберіс дөң басында металлургтерге қойылған стеллаға гүл шоқтарын қоюдан басталып, осында жиналған жұртшылық пен ардагер металлургтердің алдында қала әкімі Ғалым Әшімов пен «Qarmet» АҚ бас директоры Вадим Басин құттықтау сөз сөйлеп, олар одан соң аталған кәсіпорынға барып, болат балқытудың барысын көріп, бақылады.

Ал, түстен кейін қалалық Мәдениет сарайының кең залында ардагер металлургтер мен кәсіпорын қызметкерлеріне мерекелік дастарқан жайылып, марапаттауларға кезек беріліп, Астана қаласынан арнайы шақырылған эстрадалық-симфониялық оркестр концерт қойды.

Осында LED-экраннан Теміртау қаласы мен металлургия комбинаты жұмысының деректі жылнамасы мен тұңғыш Қазақстан болатының шығарылуы көрсетіліп, қала әкімінің орынбасары Самат Зияшев өзінің құттықтау сөзінде:

– Қала мен комбинаттың тарихы бір-бірімен біте қайнасып, металлургтердің ерен еңбегімен ерекшеленеді. Теміртау тарихының жылнамасына есімдері жазылған алғашқы болатты балқытқан металлургтердің соңында қалған ұрпақтары олардың ісін жалғастырып келеді. Осы мерейтой аясында қалада бұрын комбинат орналасқан аумақтың көшелерін тазалау мен абаттандыру жөніндегі экологиялық акциялар, комбинат ардагерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер, дәрістер, спорт жарыстары өткізіліп, тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері «Олар бірінші болған» тақырыбында көрме экспозициясын әзірлеп, бүгін таңертең стелла басында митинг өткізіліп, комбинатта мерейтойлық балқыма алынды, – деп бір топ ардагер металлургке қала әкімінің Құрмет грамоталарын тапсырды.

Марапатталғандардың арасында осы кәсіпорынға еңбегі сіңген Ө.Ғабдуллин, Ә.Әменов, Н.Карачебан, С.Жүнісов, В.Чукуманов, С.Филимонов, Б.Салқымбаев, В.Дьяков, П.Канаканиди, В.Шимон, А.Воронов, В.Лаукарт бар. Осылардың бірқатары бүгінде құрышшылар әулетінің басы болып, соңынан қаншама ізбасарларын тәрбиелеп, өсіріп отыр. Ол туралы Ө.Ғабдуллин мен басқа да сөйлегендер өз әңгімелерінде айтып берді.

Ендігі сәтте «Qarmet» АҚ бас директорының орынбасары Евгений Хицко өз кәсіпорындарында еңбегімен көзге түскен Р.Шафигуллин, В.Фоменков, А.Нұржанов, Ш.Келдібаев, Б.Абдуллаев, А.Аймағамбетов, А.Варшавская, А.Ботто, Ж.Омарова, Э.Столярға облыс әкімінің Құрмет грамоталарын, Т.Заурбеков бастаған тағы 10 адамға «Qarmet» бас директорының Алғыс хатын табыс етті.

Сондай-ақ, осы кездесуге шақырылған 100 ардагер мен олардың ізін басқан шәкірттеріне мерейтойлық медальдар табысталып, Астана қаласының эстрадалық-симфониялық оркестрінің өнерпаздары көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйлады. Олар Қазақстан сазгерлері мен әлемдік классиканың саз туындыларын орындап, салтанатты кешті Ескендір Хасанғалиевтың «Атамекен» әнімен аяқтады.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

● ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Спорт нысаны пайдалануға берілді

Ақтоғай ауданына қарасты Сарышаған кентінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында заманауи спорт кешені ашылды. Спорт кешенінің ашылу салтанатына аудан әкімі Абылай Аманжолов, зиялы қауым өкілдері, жас спортшылар мен кент тұрғындары қатысты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев аудан мен ауылдарға аса көп көңіл бөлуді тапсырған болатын. Бүгінде ауданымызда әлеуметтік маңызы бар нысандар салуға басымдылық берілуде. Мемлекет тарапынан спорт саласын дамытуға ерекше жағдай жасалуда. Жаңа спорт кешені спортшыларымыздың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады деген сенімдемін. Еліміздің жігерлі жастарын дайындайтын, болашақ чемпиондарды әзірлейтін жаңа спорт кешені құтты болсын! – деді Абылай Аманжолов.

Қажетті құралдармен жабдықталған спорт нысанын аралап көрген аудан басшысы ауыл балаларына спортпен айналысуға мүмкіндік жасалғандығын атап өтті. Спорт кешенінде спорт залы, жабық футбол алаңы, душ, киім ауыстыруға және үйірмелерге арнайы бөлмелер қарастырылған. Мұнда жылдың төрт мезгілінде де спортпен шұғылдануға болады.

Айта кетейік, спорт кешенінде волейбол, баскетбол, күрес, бокс, дзюдо және басқа да жаттығу залдары бар. Жаңа нысандардың іске қосылуы ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтып, жастарды спортқа баулуға қызмет ететін болады. Заманауи үлгіде жабдықталған спорт кешенінде бір уақытта 100-ге жуық ауыл тұрғындары спортпен шұғылданады.

Ақтоғай ауданы

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ертегілер еліндегі ерекше сәт

М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жаңажылдық шырша кеші өткізілді. Балқаш әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған мерекелік шараға 217 бала қатысты. Оларды Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Сіздер, қаламыздың жаңажылдық шыршасын мерекелеу үшін жиналдыңыздар. Бұл аға-буынның өздеріңіздей өнегелі өскелең ұрпаққа көрсеткен құрметі. Бұл күні әр баланың арманы мен тілектері орындалып, қуанышқа бөленуі тиіс. Біз әр бүлдіршіннің жүзінен қуаныш пен шаттық лебін көрсек, атқарған ісіміздің зая кетпегені деп санар едік. Жаңа жыл жаңа бақыт, береке әкелсін! – деді Сапар Сатаев. Сонымен қатар, мерекеге келген барлық балаға шаһар басшысының атынан сыйлықтар үлестірілді.

Шырша мерекесінде балақайлар ертегі кейіпкерлерінің ерекше қойылымын тамашалады. Түрлі әндер шырқалып, театрландырылған қойылым көрсетілді. Балалардың жүздері бал-бұл жайнап, шаттана би билеп, ән салды. Мәдениет сарайының іші балалар үшін жаңалық пен жұмбаққа толы таңғажайып ертегілер мекеніне айналды. Қызықты кешке жиналған балалар мерекенің басты қонақтары Аяз ата мен Ақшақар, Алдар көсе, Барби, Сақұлақ, Таусоғар, Бай, Желаяқ, Круэлла, Қоян, Ұлуды және келе жатқан Жыланды көргенде қуанышында шек болмады. «Томирис», «Аяла» бастаған би ұжымдары би билеп, мерекенің шырайын аша түсті. Қамкөңіл балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, олардың бойына өмірге деген құштарлық нәрін себу мақсатында ұйымдастырылған игі шара балаларды ертегілер әлеміне жетелеп әкетті.

– Жаңа жыл шыршасына Балқаш қаласының әкімі арнайы қатысып, барша бүлдіршіннің арманы мен тілегінің орындалуына тілектестігін білдіріп жатыр. Қаламыз бойынша 359 бала шыршаға қатысуы керек болған. 217 бала мерекелік шыршаны тамашалады. Қалғаны денсаулығына байланысты қатыса алмады. 7 баланы арнайы үйіне барып құттықтадық. Сонымен қатар, барлық балаға жаңажылдық сыйлықтан бөлек қалалық бюджеттен әр балаға 20 мың теңге берілді, – дейді Мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар адамдарға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі Жайнагүл Тасымбекова.

БАЛҚАШ

Сурет **автордан**

● ДЕНСАУЛЫҚ

Қос ауылдың қуанышы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында ауыл медицинасын дамытуға, шалғайдағы елдімекендердің тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған Ұлттық жоба қолға алынатынын айтқан болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Ауылдық жердегі денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жаңадан салынған екі фельдшерлік-амбулаториялық пункті Қарқаралы ауданы, Қасым Аманжолов ауылдық округіне қарасты Сарыобалы, Белдеутас елдімекендерінде жаңа жыл қарсаңында салтанатты түрде ашылды.

Ашылу салтанатына Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев, аудандық аурухана директоры Елдос Мусин, аудандық мәслихат депутаты Ұлан Райымбеков, Қ.Аманжолов ауылдық округінің әкімі Ербол Жоламан және ауыл тұрғындары қатысып, жүрекжарды лебізін білдіріп, тарихи сәттің куәсі болды.

Фельдшерлік-амбулаториялық пункттер автономды жылытумен заманауи қамтамасыз етілген. Қажетті медициналық қондырғылар мен құралдар, жиһаз және ұйымдастыру техникасымен жабдықталған. ФАП-та тексеру кабинеті, фельдшер мен акушердің кабинеті, фильтр, изолятор, екпе кабинеті қарастырылған. Қызметке қажетті құралдарды жуу және зарарсыздандыруға арналған және мекенжайларға шығу үшін қажетті құралдар салынған медициналық қобдиша табыс етілді.

Аталған жобаның басты мақсаты – ауылдарда медициналық қызмет сапасын жақсарту үшін инфрақұрылымды кешенді түрде жаңғырту.

Ашылған жаңа медициналық пункттерде медбикелер қызмет етеді. Алдағы уақытта ауылға жас мамандарды мемлекеттік бағдарламалар аясында тарту жоспарланып отыр. Шара барысында ФАП құрылысына атсалысып, өз үлесін қосқан азаматтарға аудан әкімінің, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының Алғыс хаты табысталды.

Өз тілшімізден

Сурет **автордан**

● РЕСМИ

Қазақстандағы зайырлылық: Ұлттық бірлік пен даму негізі

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы еліміздің әлеуметтік-саяси жүйесіне үлкен өзгерістер әкелді. Солардың бірі – мемлекеттің зайырлы сипатын айқындау болды. Зайырлылық принципі Конституцияның маңызды бөлігіне айналып, мемлекеттің діни нанымдардан бейтараптығын көрсетеді. Бұл принцип елдің мәдени және діни сан алуандығын сақтай отырып, халықтың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Зайырлылықтың мәні мен маңызы. Зайырлылық – мемлекеттің діни институттардан тәуелсіз болуы және кез келген діни сенімге қатысты бейтарап ұстанымда болуын білдіреді. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде әр азаматтың діни сеніміне еркіндік береді, бірақ бұл сенім мемлекеттік істерге араласпауы тиіс. Зайырлылықтың арқасында мемлекет азаматтық құқықтар мен бостандықтарды қорғайды, бұл барлық дін өкілдерінің бірдей құқыққа ие екенін көрсетеді.

Қазақстандағы зайырлылықтың ерекшелігі. Қазақстанда зайырлылық ұғымы басқа елдердегідей қатал секуляризм емес, мәдени және діни әртүрлілікті құрметтеуге негізделген үлгі. Ел тұрғындарының көпшілігі мұсылмандар болғанымен, зайырлы мемлекет діни институттар мен мемлекеттің арасына нақты шекара қояды. Бұл зайырлы мемлекетте кез келген дін немесе дүниетаным саяси шешімдерге ықпал етпеуі керек дегенді білдіреді. Мысалы, білім беру жүйесі де діни наным-сенімдерден тәуелсіз болып, зайырлы негізде қалыптасады.

Зайырлылық және діни сенім бостандығы. Қазақстанның зайырлылығы мен діни сенім бостандығы ұштасып жатыр. Әрбір азамат өзінің діни сеніміне сәйкес өмір сүру құқығына ие, бірақ бұл құқық басқалардың сеніміне немесе қоғамдық тәртіпке зиян келтірмеуі тиіс. Конституцияда бұл құқықтың бекітілуі зайырлылық принципінің негізінде жатқан басты құндылықтардың бірі болып табылады.

Мемлекет діни ұйымдардың қызметіне араласпай, олардың заң аясында қызмет етуін қадағалап отырады. Бұл діни ұйымдардың қоғамдағы рөлін реттеу үшін маңызды, себебі олардың заңға бағынуы – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі.

Зайырлылық – ұлттық бірліктің кепілі. Қазақстандағы зайырлылық тек діни бейтараптықты ғана білдірмейді, ол ұлттық бірлік пен тұрақтылықтың да негізі болып табылады. Әртүрлі діни топтардың бейбіт қатар өмір сүруі елдің дамуында үлкен рөл атқарады. Зайырлы мемлекетте діни төзімділік пен ынтымақтастық сақталу арқылы әлеуметтік тұрақтылық қамтамасыз етіледі. Бұл әсіресе көпұлтты және көпдінді Қазақстан үшін өте маңызды.

Қазақстанда діни әртүрлілік – қоғамның байлығы. Мемлекет діни бірлестіктердің қызметіне шектеу қоймайды, керісінше, олардың заң шеңберінде әрекет етуін және қоғамға оң үлес қосуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі таңдауы – елдің тұрақты дамуы мен қоғамдағы бейбітшілікті сақтаудың кепілі. Зайырлық ел азаматтарының діни сенімдеріне құрметпен қарау арқылы олардың құқықтарын қорғап, мемлекет пен діннің өзара түсіністігін нығайтады. Қазақстандағы зайырлық – ұлттың бірлігін сақтап, елдің дамуын қамтамасыз ететін маңызды принциптердің бірі.

Нұрай ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ,
Ұлытау облысының «Діндерді зерттеу орталығы» КММ директоры

№350

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,500 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: **г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739.**

№351

● МӘДЕНИЕТ АЙШЫҚТАРЫ

Сәкен театрының белесі

Биыл С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының жылы болды десе артық емес. Бірнеше республикалық, халықаралық өнер фестивалінен олжалы оралды. Қарашаңырақтың қабырғасында да шоқтығы биік премьералар сахналанып, көрермен қошеметіне бөленді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сербияның Крагуевац қаласында Joakimfest XIX халықаралық театр фестивалінде «Ataukere» қойылымын ұсынып, «Үздік актерлік ансамбль» мәртебелі сыйлығын жеңіп алды.

Мамыр айында Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрында Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің туғанына 90 жыл толуына орай «Сәлем» халықаралық театр фестивалі өткен еді. Содан Сәкен театрының ұжымы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е.Жуасбектің «Үйлену» музыкалық-комедиялық қойылымын сахналап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Жерлестерімізге «Үздік актерлік ансамбль» аталымы бұйырды. Қазылар алқасы «Үйлену» комедиясында түрлі кейіпкерлерді сомдаған қарағандылық әртістердің шеберлігін, шынайылығын айрықша атап өтті.

Башқұртстанның Уфа қаласында «Туғанлық» ұлттық театрларының 8-ші Халықаралық фестивалінен де жүлделі оралып, мәдениет қоржынына олжа салды. Мұның да орны бөлек. Мажит Гафури атындағы академиялық драма театрында өткен фестивальде Сәкен театрының актері Бауыржан Нұрмағамбетов «Қарагөз» қойылымында Нарша бейнесін үздік сомдағаны үшін «Үздік ер адам рөлі үшін» жүлдесі жеңіп алды. Онымен қоса, талантты актриса Әнел Сағындықоваға Қарагөз рөлі үшін фестивальдің тағы бір арнайы жүлдесін табыстады.

Павлодар облысында Ж.Аймауытовтың 130 жылдығына арналған «Ертіс-Баян» театр фестивалінде де қатысып келді. Ұжым сахналаған «Қарагөз» қойылымы «Үздік сценография» аталымын жеңіп алды.

Көрнекті жазушы-драматург Роза Мұқанованың мерейтойына орай Астанада өткен «ТЕАТР ALL» атты III Халықаралық театр фестивалиндегі «Ешкім де кінәлі емес» драма-абсурд қойылымында Асыл рөлін сомдаған актриса Дина Заитова «Үздік әйел бейнесі» аталымындағы жүлдеге қол жеткізді. Міне, қарашаңырақтың негізгі жеткен жетістігі – осылар.

«Біздің ұжым театр маусымында 4 драмалық премьераны, 3 ертегіні жарыққа шығарды. Жанжақтан басқа да театр ұжымдары гастрольдік сапармен келді. Біз де бардық. Павлодар, Ақсу, Екібастұз қаласындағы ел-жұртты театр өнерінің дәм-тұзымен сусындатып қайттық. Былтыр ғана бас көтерген қуыршақ театрымыз Алматыда өткен қуыршақ театры фестивалінде тамаша өнер көрсетіп қайтты. Оның өзі біз үшін үлкен олжа», – дейді театр директоры Құрман Қалымов.

Театрдың әртістері де құрметке бөленді. Мемлекеттік сыйлықтың иегері Кеңес Жұмабеков Қазақстанның Халық әртісі атанды. Қайрат Кемалов «Парасат» орденімен наградталып, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы атанды. Жетпістің жотасына жол тартқан Махмуд Садықанов «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік марапатын тағынды. Театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбан облыс әкімінің «Үздік режиссер» сыйлығын алды. Театр әртістері Амангелді Мұқашев, Маржан Ахметова мәдениет саласының үздігі атанды.

Суреттер театрдың баспасөз қызметінен алынды

● КЕЗДЕСУ

Ауылы азаматын ардақтады

Ауданымыздан түлеп ұшқан тұғырлы тұлғалар мен жампоз жандардың жұртшылықпен кездесуі тұрақты түрде ұйымдастырылып, өнер мен мәдениетті, мемлекеттік тілді дамыту, туған жер дарабоздарын жас ұрпаққа таныту мақсатында ауқымды жұмыс атқарылуда. Жуырда аудандық орталық кітапханада жерлесіміз, Шет ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Педогогикалық ғылымдар акдемиясының Құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Мәдениет қайраткері, мемлекеттік және салалық бірқатар марапаттың иегері Мәуен Хамзинмен кездесу өтті.

Артық мақтан, даңғазадан бойын аулақ ұстайтын, қарапайым азамат алдын ала хабарласқанымызда ыңғай білдіре қоймаған-ды. Алайда, кездесуге жиналған жұртты көріп, қатты толқыды. Орталықтандырылған кітапхана ғалымның өмір жолы, жарияланған монография, оқулықтары және басқа да еңбектерін көрсетіп, тамаша көрме ұйымдастырды. Кеш «Тұғырлы тұлға тағылымы» деп аталды. Кеш қонағы белгілі ғалымдардың шығармалары мен өз еңбектерін кітапханаға сыйға тартты.

Басынан кешкен тарихи оқиғаларға қысқаша тоқталып, негізгі әңгіме желісі «Адам – уақыт – қоғам» үштағаны төңірегінде өрбіді.

«Адам – періште емес, пенде, демек, мен де сол пендешілікпен өзімді айрықша мақтағанға басқа өңірлерде ептеп масаттанып, тәкаппарлансам, сіздердің орталарыңызда бетегеден биік, жусаннан аласамын. Себебі, бұл – менің өз ауылым, осы жасқа келгенімше талай жанды көрдім. Үлгі алдым, өмір мектебінен өттім, олар туралы айтайын», – деп әңгімесін бастаған ғалымның әңгімесі өте тағылымды, қызықты, әзіл-қалжыңға толы болды.

Бір сағатқа жоспарланған кештің екі жарым сағатқа созылғаны байқалмай да қалды. Кезінде «Ғалым Хамаң» атанған, имандылықты насихаттап, небәрі елу бес жасында өмірден озған, қиссаларды жатқа айтқан зерделі әкесі мен бүкіл, ұрпағын ер жеткізіп, ел қатарына қосқан аяулы анасы туралы айтқаны, тура сондай тағдыр иелері болған қариялардың рухына арналған ескерткіштей еді. Ғалым өзін филология саласына жетелеген Сәулебек Жүнісов, Марс Төлеуқұлов сияқты, Кеншоқы мектебіндегі, Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептегі ұстаздарын елжірей еске алды. Ұлттық әдебиеттану ғылымының әйгілі марқасқалары, әсіресе, ұстаздары, ғылыми жетекші, кеңесшілері Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдоловтарды айта келіп, қоғамның қозғаушы күші – ғалым, қайраткерлердің рухына басын иіп, тағзым етті.

Тәуелсіз елдің білімі мен ғылымы, олардың ел өмірінде алатын орны, материалдық игіліктің алдыңғы қатарға шығып, рухани құндылықтың кейінгі сырғуы, әлем елдеріндегі қалыптасып отырған қауіпті жағдай бәрі де сонау ықылым заманнан бері ымырасыз шайқаста жүрген жақсылық пен жұлымдық ұғымдарының текетіресіне өз тарапынан тың ойлар айтты. Емен-жарқын, ашық сипатта өткен кездесу кеші есте қаларлықтай болды. Ел ағалары Боранбай Жұмкин, Ертай Жәнібеков, Елдос Смағұлов, танымал ұстаз Манап Әбдрахманова, сыныптастары Қайролла Сәрсембеков, Егінбай Кенжебаев және басқалар сөз сөйлеп, ақ тілегін жеткізді. Ақын Тезекбай Амандықұлы Мәуен аға жайлы егжей-тегжейлі баяндап берді. Әр адамның өмірінде естен кетпес сәулелі сәттер болады.

Мәуен Хамзаұлы Жезқазған пединститутында (қазір А.Байқоңыров атындағы университет) істеп жүргенінде, Алматыға барып, ҚКП ОК хатшысы, асыл азамат Өзбекәлі Жәнібековке кіріп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ашылуына қол жеткізгенін, өзі декан, кафедра меңгерушісі болып жүргенінде тамаша шәкірттердің түлеп ұшқанын, сол өзі құрған кафедрада істегендерден қазірде 4 ғылым докторы, 8 ғылым кандидатының шығуына қолдау көрсеткенін, ақын, ғалым, қаламгер Ғазиз Ештанаев, Кенжебай Ахметовтермен қызметтес болғанын мақтанышпен айтты.

Света, Ерсін, Жансая, Әнуар, Гүлмира, Айдос, Бақыт, Нұрлан, Айгүл, Жанна, Айман, Мәдинат, Алтынай және басқа да шәкірттерін мақтан тұтатынын жеткізді. ҚарЗУ, ЕҰУ, «Bolashaq» академиясында өзі дәріс берген танымал түлектері туралы ой толғады.

Кездесуде «Кеншоқы – киім менің!» (әнін жазған Б.Қалиев, сөзін жазғандар: М.Хамзин, Ғ.Ештанаев) әнінің тұсауы кесілді. Бүгінде танымал ұстаз-педагогқа айналған Бану Түсіпханова, Айгерім Бөлкенбаева, Гүлмира Сағындықова, Жанна Рашидова сынды шәкірттері ғалым ағаларын құттықтап, мерейін тасытты.

Кеш соңында Мәуен Хамзаұлы аудан әкімі Мұхит Мұхтаровқа, орынбасары Дәурен Кәрсембаевқа, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Асхат Ахметовке, аудандық орталықтандырылған кітапхана директоры Мейрамкүл Нұрпейісоваға, кешті тамаша жүргізген Азамат Нұрахметовке және өзге де азаматтарға, алғысын жаудырды.

Гүлзада МАХМУТОВА,
Шет ауданы мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және бөлімінің бас маманы

Сурет ұйымдастырушылардан

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жаңа жылға шашу

Жаңа жыл қарсаңында аймақ тұрғындарының назарына әдемі кештер мен отшашулар ұсынылмақ.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, Аяз Ата мен Ақшақардың қатысуымен өтетін ойын-сауық бағдарламасы 1 қаңтарда сағат 01:00-ден 02:30-ға дейін, ал, отшашу – 12:00-ден 02:00-ге дейін жалғасады.

Мереке бір уақытта, бірнеше қалалық алаңдар – Орталық саябақта, Майқұдық саябағында, сондай-ақ, Теміржолшылар мәдениет сарайы мен «Молодежный» мәдениет үйінде ұйымдастырылады.

Түн ортасында Оңтүстік-Шығыста (флагшток) мерекелік отшашу болады. Сағат 01:00-де отшашуды Орталық саябақта, Майқұдық саябағында, «Молодежный» Мәдениет үйінің алдында, ал, 02:00-де Теміржолшылар МҮ-нің алдындағы алаңнан тамашалауға болады.

● ХОККЕЙ

Жылды жарқын жеңіспен түйіндеді

27-28 желтоқсанда «Сарыарқа» хоккей клубы өз алаңында павлодарлық «Ертіс» командасын қабылдады. Қазақстан чемпионатының аутсайдерін жерлестеріміз ойсырата жеңді.

Сурет ашық дерекқордан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Матч басталғаннан прессингпен ойнады «Сарыарқа». Дегенмен, қарсылас қорғаныс аумағында да, орталықта да лайықты қарсылық көрсете алды. Тіпті, алаң иелерінің қақпасына қауіп те төндірді. Бірақ, «Сарыарқаның» қақпашысы Дмитрий Пахоленко қателікке бой алдырған жоқ. Бірінші кезең голсыз өтті.

Ал, екінші кезеңде қарағандылық қырандар шайбаны жаудырды. Алғашқы голды форвард Тимур Шингараев соқты. Бір минуттан кейін Руслан Демин мен Евгени Королинский есепті еселеді. Тағы екі шайбаны Андрей Буяльский мен Александр Борисович қарсылас қақпасына дарытты. Кезең соңында «Ертіс» тек бір ғана шайбаға шамалары жетті.

Соңғы кезеңде «Сарыарқа» тактикалық, психологиялық жағынан толықтай басымдыққа ие болды. Қарқынды шабуылдар мен жойқын соққылар тағы да үш голға ұласты. Форвард Глеб Зайцев дубль авторы атанды. Бірінші матч 8:1 есебімен аяқталды.

Екінші ойын да алаң иелерінің дегенімен өтті. Шабуылшы Никита Баженов бірінші голды соқты. Ойсырай жеңілген «Ертіс» ойыншыларының еңселері тіктелмеді. Қорғаныста ғана ойнады. Екінші және үшінші кезеңде «Сарыарқа» шабуылды күшейтіп, 6 шайба соқты. Артем Валеев, Тимофей Симонов, Егор Кузьменко және Андрей Буяльский гол авторлары. Александр Борисович болса, дубль жасады. Екінші ойында 7:1 есебі тіркелді.

«Сарыарқа» 2024 жылды жарқын жеңіспен түйіндеді. Сонымен қатар, «Сарыарқа» осы маусымдағы 100-ші шайбасын соқты. Чемпионат кестесінің 4-орынында тұр қарағандылық қырандар.

Оқырман назарына!
Газетіміздің келесі саны 7 қаңтар, сейсенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сарань, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
Таралымы 4 197
№ 147 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**